

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№101(9419) | 1954 жылғы 21 май Жұма | Шығуына 35 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Мектептерде емтиханды ұйымшылдықпен өткізейік

Кеше еліміздің барлық мектептерінде кластан класқа көшіру және мектептері бітіру емтихандары басталды. Мектеп өміріндегі бұл аса жауапты кезеңге совет оқушылары, оқытушылар коллективтері, сол сияқты ата-аналар жұртшылығы аса зор дайындықпен келді. Кәзіргі күндері мектептерде оқушылардың жыл бойы ғылым негіздерін қалай меңгеріп келгендігі, ал оқытушылардың коммунизмнің бәлашақ құрылысшылары — жас ұрпақтарды тәрбиелеу және оларға білім беру саласындағы еңбектері сыналуда және бағалануда.

ССР Одағы Министрлер Советінің қаулысына сәйкес, быйылғы жылы кластан класқа көшу және мектепті бітіру емтихандарының саны қысқартылды. Егер бұған дейін IV-кластан X-класқа дейін оқушылар 44 емтихан тапсыратын болса, кәзір емтихандар саны 26 ға дейін кемітілді. Ал, төртінші, бесінші, жетінші және сегізінші кластарда емтихан саны екі есеге дейін азайтылды.

Мектептерде алынатын емтихандар негізгі пәндер бойынша жүргізілетін болды. Әресе, жалпы білім алудың негізі болып табылатын орыс тілі және математика сабақтарына баса көңіл аудару қажеттілігі қарастырылды. Бұл жағдай мектептердің оқытушылар коллективінен бұл пәндерді оқытушылардың терең мазмұнды және жан-жақты игеруіне жетісуін талап етеді.

Совет мектебі біздің жастарды саналы, мәдениетті және білімді етіп, оларды коммунистік рухта, өз Отанының шын берілген патриотты дәрежесінде тәрбиелейтін қасиетті орын. Коммунистік қоғамның бәлашақ қайраткерлерін тәрбиелеуді сеніп тапсырып, үкмет пен партия, бүкіл совет халқы мектептің педагогикалық коллективіне аса зор жауапты, абройлы, мемлекеттік маңызы бар жұмысты тапсырып отыр. Сондықтан да емтихан кезінде әрбір оқытушы өзінің бұл жауапкершілігін шын сезініп, өз міндетіне мемлекеттік тұрғыдан қарауы керек.

Біздің облыстың мектептері де бүкіл еліміздегі сияқты оқу жылының ең жауапты еліміз сияқты оқу жылының ең жауапты кезеңі — емтиханға аса зор дайындықпен келді. Кеше облысымызда 60 мыңнан астам оқушылар өздерінің алғашқы емтиханын бастады. Олардың ішінде 1686 оқушы көмекшілік аттестат алу үшін

зиев жолдас) оқытушылар коллективі емтиханға дайындық жұмысын ерте бастап қолға алып, оны қызу жүргізді. Оқу жылының IV-тоқсанының қорытындысында мұнда сабақ үлгермеуші оқушы болған жоқ. Емтиханға дайындық кезінде оқушылардың сабаққа дайындалуы үшін арнаулы бөлме ашылып, ол қажетті құрадармен толық жабдықталды. Сол сияқты, мектеп оқытушылары оқушыларға жүйелі түрде консультациялар мен қосымша сабақтар өткізіп отырды. Ата-аналармен тығыз байланыс жасалып, оқушылардың кластан тыс уақытта өз уақыттарын дұрыс және орынды пайдалануына жағдай жасалынды. Осы сияқты игілікті әзірліктің нәтижесінде мектеп коллективі емтиханды зор ұйымшылдықпен бастады.

Сонымен қатар, емтиханға үстірт дайындықпен келген мектептер де жоқ емес. Мәселен, Преснов ауданындағы Николаев орта мектебіндегі жағдай бұған толық мысал бола алады. Бұл мектепте оқушылардың жалпы оқу үлгерімі процентінің өте төмен екендігіне қарамастан, мектеп директоры Мұқанов жолдас оқытушылар коллективінің емтиханға ойдағыдай дайындалуын ұйымдастыра алмады. Емтиханға дайындық кезінде консультациялар мен қосымша сабақтар үстірт жүргізілді. Оқушылардың өтілген мағриалдарды терең, жан-жақты меңгеруіне жете көңіл аударылмады.

Емтиханды үлгілі өткізуде мектеп комсомол және пионер ұйымдарының алатын орны ерекше. Жуырда болып өткен комсомолдың XII- съезінде мектептегі бұл ұйымдардың ролін арттыру және оларды педагогикалық коллективтің сенімді көмекшісі дәрежесіне дейін көтеру мәселесі атап көрсетілді. Осындай дәрежеде болу мектеп комсомол және пионер ұйымдарының ардақты борышы.

Емтиханды ойдағыдай аяқтау тек ғана оған жақсы дайындалумен бітпейді. Ең алдымен, емтиханның алғашқы күндерінен бастап кездескен кемшіліктерді жұмыс үстінде жойып, оның келесі емтиханда орын алмауына жетісу керек.

Емтихан кезінде ең жауапты мәселенің бірі оқушылардың білімін бағалау. Емтихан комиссиясының мүшелері бұл жұмысқа зор жауапкершілікпен қарап, оқушының білімін анықтауда ымырашыл-

## СОВЕТ ОДАҒЫНДА

### Н. С. Хрущев жолдас Қазақстанда

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдас Қазақстанда болды.

Н. С. Хрущев жолдас қасында болған П. К. Пономаренко, Л. И. Брежнев, Е. Б. Тайбеков, Н. Д. Ондасинов жолдасармен бірге жүріп, тың және тынайған жерлерді игеріп жатқан Қостанай, Ақмола және Қарағанды облыстарының бірқатар колхоздарының, МТС-тері мен совхоздарының жұмысымен танысты.

Н.С. Хрущев жолдас Қарағанды қаласында көмір бассейнінің жұмысымен, өнеркәсіп және тұрғын үй құрылысымен жете танысты.

Бұдан кейін Н.С. Хрущев жолдас республиканың астанасы — Алматы қаласында және Алматы облысының бірқатар колхоздарында болды.

Қазақстан КП Орталық Комитетінде Н.С. Хрущев жолдас Қазақстан КП Орталық Комитетінің, Министрлер Советінің және министрліктердің басшы қызметкерлерінің үлкен біртобын қабылдап, республиканың ауыл шаруашылығын, өнеркәсібін және мәдениетін оған әрі өркендетудің әртүрлі мәселелері жөнінде, сонымен қатар, партиялық саяси жұмыс мәселелері жөнінде олармен ұзақ әңгімелесті.

17 майда Н. С. Хрущев жолдас Қазақстан Компартиясының Алматы облыстық комитеті пленумының жұмысына қатысты.

Н.С. Хрущев жолдас Абай атындағы Мемлекеттік Академиялық опера және балет театрында «Дударай» операсында, сонымен қатар, искусство шеберлерінің концертінде болды.

### Москваның артистері тың жерлер игерілетін аудандарға баруда

СОБП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысына Москваның искусство қызметкерлері қызу жауап беруде. Астананың ең ірі театрлары тың және тынайған жерлер игерілетін аудандардың ауыл шаруашылығы қызметкерлері үшін программаларын әзірледі. Суретшілер постановканы дала жағдайында қоюға ыңғайлы жабдықтар жасады, бұл спектакльдерді шағын сахналарда, селолық клубтарда

СОВЕТ ОДАҒЫНДА. Н. С. Хрущев жолдас Қазақстанда. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы, УКРАИНАНЫҢ РОССИЯМЕН ҚАЙТА ҚОСЫЛУЫНЫҢ 300 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА (1-бет).

Егіс жұмыстарында өңбек, өнімділігін арттыру — табыс кілті. М. Малышев — Мол өнімнің берік негізі қалады. (2-бет).

Н. Моисеев, Н. Сазонов, Г. Шмолин — Серттеріне берік колхозшылар мен механизаторлар (2-бет).

Тың жерлерді игеруге арналған қуатты техника. ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің МТС-тер және ауыл шаруашылығын механикаландыру Бас басқарма-

сы бастығының орыңбасары А. А. Шибановпен әңгіме (2-бет).

Советтік Қазақстанда (2-бет). Кеше мектептерде емтихан басталды. Г. Ибраева — Қазақ мектептерінде орыс тілі (3-бет).

И. Белетченко — Емтиханды ұйымшылдықпен өткізейік. (3-бет).

Т. Кәдіров — Мал шаруашылығына көңіл бөлінбеген жерде (3-бет).

Ю. Бочкарев — ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШОЛУ (4-бет). Спорт (4-бет).

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы қарсаңында



Әңгімелер, баяндамалар,

лекциялар

Кәзір облысымыздың барлық жерлерінде — кәсіпорындарында, мекемелерде, мектептерде, колхоздарда, совхоздарда, МТС-терде, егіс бригадалары мен мал фермаларында 5 мыңнан астам үгітшілер, насихатшылар, партия комитеттерінің штаттағы және штаттан тыс лекторлары, саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының мүшелері Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы жөнінде әңгімелер өткізіп, лекциялар мен баяндамалар оқуда.

А. П. Микоян ет. консерві комбинатының партия ұйымы өткен аптада үгітшілердің арнаулы семинар-кеңесін өткізіп, онда Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы қарсаңындағы күндерде бұқаралық-саяси жұмыстары ұйымдастыру жөнінде нұсқау берді. Кәзір комбинаттың барлық цехтарында үгітшілер «Украинаның Россиямен қайта қосылуының тарихи маңызы», «ССРО халықтарының мызғымас достығы», деген тақырыптарда әңгімелер өткізуде. Мұндай әңгімелер қалаңыз басқа да кәсіпорындарында, мекемелерінде көптеп ұйымдастырылуда.

Жақында ҚКП Петропавл аудандық комитетінің нұсқаушысы Әбілмәжінов жолдас Киров атындағы колхоздың егіс бригадасында Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы жөнінде баяндама жасады.

Бұл күндері саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының мүшелері қала және селолық жерлерде Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы жөнінде лекциялар оқуда. Жуырда, қоғамның мүшелері М. Рабасов жолдас Ленин аудандық мәдениет үйінде, Кәмәлиев жолдас Совет ауданы, Аманкелді атындағы колхозда Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы жөнінде лекциялар оқыды.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған әңгімелер, баяндамалар мен лекциялар Октябрь, Преснов, Булаев, Конохов, Полудень, Приешім аудандарының колхоздары мен совхоздарында да кеңінен ұйымдастыры-

### Совет халқы Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын атап өтуде

КИЕВ, 17 май. (СОТА). Республиканың кәсіпорындарында, мекемелерінде, жоғары оқу орындарында, колхоздарда, совхоздары мен МТС-терінде Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеуге арналған кештер өтуде.

Киевтегі «Большевик» зауытының мәдениет сарайының мерекелегідей безендірілген залына мыңға жуық жұмысшылар мен қызметшілер жыйналды. Олар завод директоры Приходченко жолдасының Украинаның Россиямен қайта қосылуының тарихи маңызы туралы баяндамасын тыңдады. Бұдан кейін кешке қатысушылар көркемөнерпазшылардың концертін көрді.

Киев облысының Рогозов МТС-інде қызықты кеш өткізілді. Мұнда механизаторларға МТС-ті қамқорлыққа алған «Ленинская кузница» зауытының өкілдері қонаққа келді. Тарих ғылымының кандидаты Ярошенко жолдас Совет Одағы халықтарының достығы туралы баяндама жасады. Көркемөнерпазшылардың республикалық олимпиадасында бірінші орын алған заводтың духовой оркестрі мен хорының МТС қызметкерлеріне көрсеткен концерті зор табыспен өтті.

ТАЛЛИН, 17 май. (СОТА). Эстонияның қалалары мен селоларында Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған мыңға жуық кітап-сурет көрмелері ашылды. Мұнда украин халқының совет халықтарының туысқан семьясында қол жеткізген табыстарын бейнелейтін көптеген материалдар қойылған. Т. Шевченконың, М. Коцюбинскийдің, И. Франконың, Леся Украинаның, кәзіргі украин жазушыларының эстон тіліне аударылып басылған шығармалары, сол сияқты украин тіліне аударылған эстон жазушылары мен ақындарының шығармалары бар.

Эстон ССР Ғылым академиясының әдебиет музейінде ашылған көрменің экспонаттары ішінде 1869 жылғы 5 июнь деп көрсетілген «Эсти постимеэс» газетінің әдеби қосымшасы өте қызықты. Онда украин әйел жазушысы М. Вовчоктың «Казачка» деген әңгімесі дүңгыл рет жарияланған болатын, оны эстон әдебиетінің классигі әйел ақын Л. Бойдуна аударды.

Эстон ССР-нің мемлекеттік филармониясы орыс және украин музыкасының

ВИЛЬЮС, 17 май. (СОТА). Украина-

ның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеуге байланысты барлық жерлерде достық кештері өткізілуде, ол, кештерде көркемөнерпазшылар және профессионал артистер орыс, украин және литван өндерін орындайды. Қалалық клубтар мен селолық мәдениет үйлерінің сахналарында украин драматургтерінің спектакльдері көрсетілуде.

Литван ССР-нің мемлекеттік филармониясы орыс және украин музыкасының

мемлекеттік емтихан тапсыруға кірісті. Быйылғы жылы облысымыздың өнеркәсіп орындарында істейтін 236 жас жұмысшы өндірістен қол үзбей оқып, орта мектепті бітіріп шығады.

Емтиханға сақдай сай әзірлікпен келген мектептер біздің облысымызда көптеп саналады. Олардың қатарына Октябрь ауданындағы Ленин, Қызылту, Ленин ауданындағы Петровка, Торанғұл, қаладағы Ленин атындағы, Сталин атындағы, Максим Горький атындағы мектептерді қосуға болады.

Октябрь ауданындағы Қызылту жеті-жылдық мектебінің директоры К. Бая-

дыққа, асыра бағалаушылыққа жол бермеулері керек, әсіресе оқушылардың өз білгендерін толық айтып беруге жағдай жасаулары керек.

Емтихан— мектеп өміріндегі ең жауапты және ең шешуші кезең. Сонымен бірге емтихан мемлекеттік зор маңызы бар іс болып табылады. Сондықтан да партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары мектептерде емтиханды ойдағыдай өткізуге қызу ат салысып, оларға барлық мүмкіншілікті жасаулары керек.

Емтиханды ұйымшылдықпен өткізіп, оқу жылын ойдағыдай аяқтайық!

—000—

## Картоп, овощь көп өндірілсін

Картоп пен овощь дақылдары аса бағалы азық-түліктік және нәрі мол жем-шөптік дақылдар. Бұл дақылдардың, әсіресе, картоптың өңдеуші өнеркәсіп үшін шикізат ретінде де зор маңызы бар. Сондықтан да СОБП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы колхоздар мен совхоздардың алдына картоп пен овощь дақылдары егісін одан әрі ұлғайтып, олардың шығымдылығын анағұрлым арттыру міндетін қойды. Сонымен қатар Пленум белгіленген міндеттерді орындаудың нақтылы жолдарын көрсетіп берді.

Көзір облыс колхоздары мен совхоздарының еңбекшілері картоп пен овощь дақылдары өндірісін шұғыл арттыру жөнінде партия мен үкмет алға қойған міндеттерді жүзеге асыруға іс жүзінде жаппай кірісті. Олар үстіміздегі көктемде картоп пен овощь дақылдарын шаршылап және шаршы-ұялап отырғызу әдісін бірінші рет кеңінен қолдануда. Картоп пен овощь дақылдарын егуде бұл сыяқты жаңа, прогрессивтік әдістерді кеңінен қолдану—біріншіден, бұл дақылдардың егіс алаңын жазда өн бойымен және көлденеңінен өңдеуге, күзде өнімін жыйнау-ды механикаландыруға мүмкіншілік береді; екіншіден, әрбір гектардан алынатын өнімнің анағұрлым мол болуын қамтамасыз етеді.

Картоп пен овощь дақылдарын отырғызуды шаршы-ұялы әдіспен жүргізу үшін мемлекетіміз колхоз, МТС, совхоздарға көптеген жаңа картоп отырғызыштар, культиваторлар, басқа да ауылшаруашылық машиналарын берді. Мұндай машиналарды Петропавл ауданындағы Дмитров атындағы, «Луч Ленина», «Красный пахарь» колхоздары да алды. Бірақ, сол машиналарды пайдалану нашар.

Облыс МТС-терінде көзіргі қолда бар картоп отырғызатын шаршы-ұялы сеялалар саны барлық колхоздарда бірдей, бұл дақылдарды механикаландыруды қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан көптеген колхоздар картопты шаршы-ұялап отырғызуға плугтерді, культиваторларды, тағы басқа құрал-саймандарды бейімдел пайдаланулары қажет. Мұндай жағдайларда картоп тұқымы отырғызылатын шаршы-ұялар егіс алаңының ұзынынан да, көлденеңінен де міндетті түрде тұзу орналастырылуы, сонымен бірге қатарлардың және қатардағы ұялардың арасы 70 сантиметрден болуы дұрыс сақталуы

керек. Бірақ, Жамбыл атындағы колхозда (Петропавл ауданы) бұл тәртіп өрескел бұрмаланған. Мұнда картоп отырғызылатын 20 гектар алаң ұзын бойға прехтедіп маркерленген және қатараралықтардың бір-бірінен қашықтығы 70 сантиметрден кем болған. Картопты шаршылап отырғызудың тәртібін бұрмалауға бұдан былайғы жерде жол берілмеуі тиіс. Көзір картоп пен овощь дақылдарын егудің агротехникалық ең қолайлы мерзімі туды. Олай болса, ең басты міндет— картопты, овощь дақылдарын егуді қызу қарқынмен жүргізу, сөйтіп, бұл дақылдар егісін әрі тез, әрі сапалы өткізу болып табылады. Дегенмен, көп колхоздар бұл іске шын мәнінде кіріскен жоқ. Тіпті картоп отырғызуға ерте-ақ кірісті деген Полудень, Преснов, Петропавл аудандарының кейбір колхоздарының өзінде жұмыс қарқыны өте баяу. Ал, Совет, Мамлют, Соколов сыяқты қалаға іргелес және картоп пен овощь дақылдары егісінің көлемі басқа аудандарға қарағанда едәуір көп ұлғайтылған аудандардың колхоздары мен МТС басшылары бұл дақылдарды егуге көш кіріскендеріне қарамастан оны тез аяқтау үшін еңбек өнімділігін арттыруды нашар ұйымдастырды.

Істің жайы овощь дақылдарын егу жөнінде де өте-өте қанағаттанғысыз. Быйыл облыс колхоздарында жүздеген гектар овощь дақылдары егіледі. Рас, кейбір колхоздарда помидордың, қаустаның тағы басқа овощь дақылдарының жақсы көшеттері өсірілді. Алайда, көшеттерді егіс алаңдарына отырғызу кешіктіріліп келеді.

Колхоздар мен МТС, совхоздарда картоп және овощь дақылдары егісінің жұмыс тарын агротехникалық қолайлы мерзімге жоғары сапада өткізуге керекті мүмкіншіліктердің бәрі де бар. Барлық шаруашылықтарда дерлік огород бригадалары құрылған. Олар тәжірибесі мол огородшылармен толықтырылған. Мәселе осы бригадаларда еңбек тәртібін дұрыс ұйымдастырып, олардың жұмыс өнімділігін арттыруына қолайлы жағдай туғызуда болып отыр. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары, шаруашылық басшылары мен мамандар картоп пен овощь дақылдарын егуді тез және жоғары сапада өткізуді, сөйтіп, бұл дақылдардың барлық егісі көлемінен мол өнім алуы барынша жақсы ұйымдастырулары керек.

ете қостарында көрсетуге мүмкіндік береді. Драма театрларының артистері бригадаларының құрамына әншілер, музыканттар, бишілер енгізілді. Концерт программалары бір актілі пьесалардан, көркем оқудан, вокальдық және балеттік номерлерден құралған.

17 майда М. Горький атындағы академиялық кінші көркем театрдың артистер тобы Алтай өлкесіне жүріп кетті. Кінші театрдың артистері мұнда 30-дан аса спектакльдер көрсетеді және соншама концерттер береді. Олар Алтайдың егіншілерін өздерінің таңдаулы постановкаларының бірі—А. Корнейчуктің «Платон Кречетімен», М. Бولшниннов пен М. Чи-аурелидің «Аврораның бір күні» пьесасынан үзінділермен таныстырады. А. Островскийдің, А. Чеховтың, М. Горькийдің және басқа жазушылардың пьесаларына сценалар көрсетеді.

Мемлекеттік академиялық кінші театрдың 20-дан аса артистері Солтүстік Қазақстанның аудандарына барады. Бригада өзінің концерттерін Петропавлда бастайды, бұдан соң Қостанай және Бөкшетеу облыстарының ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне көрсетеді.

(СОТА).

Таллинде украин спектакльдерінің он күндігі зор табыспен өтті.

РЯЗАНЬ, 17 май. (СОТА). Облыстың

## Талдықорған облысы МТС-терінің комбайншыларын ордендермен наградтау туралы

### ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1952 жылғы 3 майдағы Указына сәйкес 1952 жылы дәнді дақылдар жыйнауға және бастыруда жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін наградталсын:

#### ЛЕНИН ОРДЕНІМЕН

Цой Степан Васильевич — Үштөбе МТС-нің комбайншысы, «Сталинец—6» комбайнымен 20 жұмыс күні ішінде жыйналған егіс көлемінен 9080 центнер дәнді дақыл бастырған.

#### ЕҢБЕК ҚЫЗЫЛ ТУ ОРДЕНІМЕН

Морозкин Максим Петрович — Шанханай МТС-нің комбайншысы «Сталинец—6» комбайнымен 20 жұмыс күні ішінде жыйналған егіс көлемінен 7613 центнер дәнді дақыл бастырған.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ЛЕГОВ.

Москва, Кремль  
15 май 1954 жыл.



КИЕВ. Қаланың орталық магистралі — Крещатик.

Суретті түсірген В. Сычев.

(СОТА-ның фотохроникасы).

## Облыстық музейде

Облыстық музей үйінің кең бөлмелерінің бірінде Украинаның Россиямен қайта қосылуына 300 жыл толуына арналған көрме ұйымдастырылған. Көрмеде украин халқының шетел басқыншыларына қарсы жүргізген күрестері, ұлы орыс халқының украин халқына туысқандық көмегі, социалистік Украинаның экономикасы мен мәдениеті бейнеленген фотосуреттер, монтаждар бар. Сонымен қатар, көрмеде Украина мен Солтүстік Қазақстан облысының арасындағы экономикалық, мәдени байланыстарды баяндайтын монтаждар жабдықталған.

Украина біздің облысымыздың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын өркендету ісіне арқашан туысқандық көмек көрсетуде. Әсіресе, көзір облысымыздың колхоздары мен совхоздары Украинадан тракторларды, басқа да ауылшаруашылық машиналарын көптеп алуға. Украинаның көптеген жас жігіттері мен қыздары облысқа келіп, тың және тыңайған жерлерді игеруде еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде.

Музейге келгендер көрмеге ерекше назар аударып, бұл қуанышты күндерде украин халқына шексіз сүйіспеншіліктерін білдіруде, сөйтіп, көп ұлтты Совет мемлекетінің коммунистік құрылыста көз жеткен зор табыстарын орынды мақтан етуде.

## Ән мейрамы

Петропавлда 23 майда, жексенбі күні, «Динамо» стадионында Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына байланысты ән мейрамы өткізіледі. Бұған қаланың барлық кәсіпорындарының, мектептер мен техникумдардың, институттың көркемөнерпаздар коллективтері әзірленуде. Ән мейрамына 3 мыңнан астам әншілер, бишілер, сырнайшылар қатысады.

А. П. Микоян атындағы ет-консерві комбинаты, Ленин атындағы клубтардың, педагогикалық училищенің көркемөнерпаздар коллективтері өздерінің программаларында украинның, орыстың, қазақтың халық әндерін орындайды.

## Салтанатты кеш

Балинин атындағы колхозда (Петропавл ауданы) Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған салтанатты кеш өтті. Оған колхозшылардан, село интеллигенттерінен 100-ден астам адам қатысты.

Кешке қатысушылар Петропавл қалалық кітапханасының жылжымалы кітапханасы ұйымдастырған Украинаның 300 жылдығы жөніндегі кітап көрмесін көріп, әңгімелер тыңдады. Мұнан кейін Пухтина жолдастың басқаруымен қаланың үй шаруасындағы әйелдерінің хоры концерт берді.

# Егіс жұмыстарында еңбек өнімділігін арттыру—табыс кілті

Тың жерлерді игерудің, көктемгі егісті кезінде және сапалы аяқтау күресінің озаттарына теңелейік!

## Мол өнімнің берік негізі қаланды

Біздің колхоздың мүшелері бүкіл ауыл шаруашылық өндірісінің негізі — астық шаруашылығын, оның ішінде аса бағалы азық-түліктік дақыл — бидайдың жалпы және товарлы өнімін оған әрі молайту мақсатын көздеп, быйыл көктемгі дала жұмыстарын сақадай сай әзірлікпен бастады. Олар егіс жұмыстарының барысында МТС механизаторларымен ынтымақты күшейте отырып, социалистік жарыс туы астында еңбек өнімділігін еселеп арттырды. Колхоздың егіс даласында жұмыс істейтін Калинин атындағы МТС-тің механизаторлары отандық қуатты техниканың күшін күні-түні бірдей сарқа пайдалана білді. Осының нәтижесінде колхозымыз көктемгі егіс жұмыстарын 18 маі күні толық аяқтап шықты.

Быйыл біздің шаруашылығымыз 4350 гектар дәнді, майлы және техникалық дақылдар егіп, бұл жөніндегі мемлекеттік жоспарды толық орындады. Сөйтіп, егіс көлемі өткен жылғыдан едәуір ұлғайтылды. Колхозшылар мен механизаторлар егіс көлемін көптеп пайдаланылмай келген тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен ұлғайтуға баса назар аударды. Сондықтан колхозда ерте көктемде 547 гектар тың жер игеріліп, оған жаздық қатты бидай егу жоспарланса, ол 728 гектар болып, артығымен орындалды. Тың жерге егілген дақылдардың әрбір гектарынан кемінде 18 центнерден, ал пар мен зыбке егілген дәнді дақылдардың гектарынан 16 центнерден өнім алу мақсатын көздеп, егіс учасоктерін агро-техникалық жағынан жоғары сапада өңдеді. Сондай-ақ дәнді, майлы және техникалық дақылдар тұқымын егуге жаңа прогрессивтік әдістер мен тәсілдерді кеңінен қолдандық. Сөйтіп, ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алудың берік негізі қаланды.

Егіс жұмыстары негізінен техника күшімен жүргізілді. Сондықтан оны әрі тез, әрі жоғары сапада аяқтауымызда МТС механизаторларының еңбегі ерекше зор екенін айта кеткеніміз жөн.

Колхоз даласында Калинин атындағы

## Совхоз коллективінің табысы

Киров атындағы астық совхозының коллективі дәнді дақылдар егісінің жоспарын 12—15 жұмыс күні ішінде орындауға міндеттенген-ді. Коллектив бұл міндеттемелерін орындау жолындағы социалистік жарысты күннен-күнге кеңінен өрістетіп, еңбек өнімділігін еселеп арттырды. Сөйтіп, олар 10 жұмыс күні ішінде 8.844 гектар жерге дәнді дақылдар егіп, бұл жоспарды облыс совхоздары ішінде бірінші болып орындады.

Мұнымен бірге, совхозда құнарлы мал азығы қорын жасаудың берік негізі қаланды.

МТС-тің екі трактор бригадасы жұмыс істейді. Ол бригадаларды тәжірибелі механизаторлар Руденко, Шевченко жолдастар басқарады. Олар әрбір трактордың қалтқысыз жұмыс істеуін, олармен әрбір сменада тапсырманың толық және асыра орындалуын шебер ұйымдастырып келеді. Техникалардың тоқтаусыз жұмыс істеуіне, сондай-ақ сменалық тапсырмалардың толық және асыра орындауын ауа райының қолайсыздығы да бөгет бола алған жоқ. Мәселен, тракторшы М. Малков, Лиценко жолдастар «С—80» тракторымен жауынды күндерде тың жер жырттып, сменалық тапсырмаларын 120—140 процент орындап жүрді.

Сол сияқты, тракторшы Тюканько, Кафтуненко, Чубатар жолдастар жер жұмыстаудың қай түрінен болмасын сменалық тапсырмаларын асыра орындауға әдетке айналдырып келеді.

Механизаторлардың еңбек өнімділігін арттыруына колхозшылар да үлкен үлес қосты. Тіркеушілер, сеялқашылар, тракторға май мен су тасушылар, өздеріне жүктелген жұмысқа аса жауаптылықпен қарады. Сеялқаша тұқым салуға бөлінген колхозшылар уақытты үнемдеуді көздеп, бұл жұмысты трактор жүрін бара жатқанда атқарды. Трактор бригадаларын қамтуға көлік күші де жеткілікті бөлінді.

Егіс жұмыстары кезінде бастауыш партия ұйымы партиялық-саяси жұмыстарды ойдағыдай жүргізіп, колхоз басқармасына күшті көмек көрсетті. Коммунистер жұмыстың жауапты учасоктеріне бөлініп, олар авангардтық роль атқара білді. Үгітшілер үгіт-бұқаралық жұмысты пәрменді жүргізді.

Кәзір механизаторлар мен колхозшылар келесі жылдың егістері үшін пар көтеруге кірісті және пішін шабуға барлық жағынан толық әзірленуде. Біз еңбек өнімділігін арттыра отырып, бұл жұмыстарды да аброймен орындайтын боламыз.

М. МАЛЫШЕВ,

Булаев ауданы, Калинин атындағы колхоздың председателі.

## Егіс жоспары орындалды

ҚАРАҚОҒА. (Телефон арқылы алынды). «Колос» колхозының мүшелері мен осы колхозда жұмыс істейтін Суворов атындағы МТС-тің Зубенко, Перевера жолдастар басқаратын трактор бригадаларының механизаторлары егіс даласында алғашқы күннен бастап аянбай еңбек етті. Қажырлы еңбек өзінің игі нәтижесін берді де. Бұл колхоз Конохов ауданында бірінші болып егіс жоспарын агротехникалық қолайлы мерзімде орындап шықты. Дәнді дақылдар егісі түгелінен аудандастырылған сортты тұқыммен егілді.

Егіс жоспарының қысқа мерзім ішінде орындалуын, әсіресе, механизаторлардың сменалық тапсырмалары үнемі толық және асыра орындауларын қамтамасыз етті. Мәселен, тракторшы И. Гончар, И. Тарануха жолдастар «СТЗ—НАТИ» тракторларымен сменалық тапсырмаларын күн сайын асыра орындап жүр.

Колхозда быйыл құнарлы мал азығындық дақылдар көлемі едәуір ұлғайтылып, біржылдық екпе шөп егісі 200 гектарға, көк шөп —236 гектарға, беде —27 гектарға жеткізілді. 22 гектар сүрленетін жүгері және едәуір мал азығындық тамыржемістер егілді.

Сол сияқты, ауданның Мичурин атындағы, Молотов атындағы, «Жаңа тұрмыс» колхоздары да дәнді дақылдар егудің жоспарын толық орындады.

Бұл колхоздардың барлығында да егіс жұмыстарынан босаған тракторлар пар жыртуға қосылды. «Жаңа тұрмыс» колхозында жұмыс істейтін Кельм жолдас басқарған трактор бригадасы алғашқы екі күн ішінде 60 гектарға жуық пар жыртты.

СМИРНОВО. (Телефон арқылы алынды). Егіс жұмыстарында аудан колхоздары ішінде алда келе жатқан Молотов атындағы, «Совет» колхоздары дәнді дақылдардың тұқымын себу жоспарын толық орындады. Ал, Каганович атындағы колхоздың мүшелері мен бұл колхозда жұмыс істейтін Шағлы МТС-нің механизаторлары жоспар бойынша 1330 гектардың орнына, 1344 гектар дәнді дақылдар екті.

ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕК, МІНСІЗ ЖҰМЫС Чистов артық совхозының коллек-

## Серттеріне берік колхозшылар мен механизаторлар

Біздің колхоздың колхозшылары астық өндірісін шұғыл арттыру жолындағы бұкілхалықтық социалистік жарысқа қосыла отырып, егіннің әрбір гектарынан 100 пұттан өнім алуға міндеттеме алған болатын. Колхозшылар және Петропавл МТС-нің Шмолин жолдас басқарған трактор бригадасының мүшелері егіннен мол өнім алудың алғашқы шешуші қадамы—көктемгі егіс жұмыстарына барлық жағынан үлгілі әзірлікпен кірісті.

Қардың кеш кетуі және колхозда егіс жұмыстарының өткен жылғыдан 15 күн соң басталуы колхозшылар мен механизаторлардың егіншіліктің мәдениетін арттыру жолындағы ынта-жігерін бәсеңдетпе алмады. Олар быйылғы көктемнің ерекшеліктерін ескере отырып, егіс жұмыстарын 19 майға дейін аяқтауға, егістік алаңның сапалы жұмыстауын қамтамасыз етуге серт берді.

Колхоз егіс жұмыстарына 2 маі күні кірісті. Соған қарамастан бізде дәнді дақылдар егу жоспары 19 майда толық аяқталды. Оның ішінде бағалы азық-түліктік дақыл—жаздық бидай егісінің жоспары 116 процент орындалды. Біз бұл табысқа қалай жеттік?

Алдымен колхозшылар мен механизаторлардың астық өндірісін шұғыл арттыру жөніндегі партиямыз бен үкметіміздің алға қойған міндетін мінез жүзеге асырудағы зор белсенділіктерін атап айту керек. Әрбір колхозшы және механизатор өздеріне жүктелген міндетті аброймен орындап отырды. Егіншілердің өнімді еңбек етуіне колхоз басқармасы мен партия ұйымы тарапынан қажетті тұрмыстық мәдени жағдайлардың барлығы да жасалды.

Әсіресе, механизаторлар еңбекте жоғарғы көрсеткіштерге ие болды. Тракторшы Сәбит Ағатаев жолдас колхозшылардың зор құрметіне бөленді. Ол жер жыртуға және тұқым себуге сменалық тапсырмасын 130-150 проценттен орындады. Тракторшы Николай Камынин жолдас та еңбек өнімділігін арттыруда игі нәтижеге ие болған механизатор.

Механизаторлармен бірге, жекелеген тіркеушілер де айтарлықтай табыстарға ие болды. Тіркеушілік міндетті атқарушы колхозшылар А. Ефанов, В. Капустин жолдастар тіркеу саймандарын жақсы күтімде ұстай отырып, жердің агротехникалық ережелерге сай жұмыстауына үнемі назар аударды. Сеялқашылар П. Хренов, И. Фемин жолдастар таңсәрісінен тұнқарағысына дейін үздіксіз еңбек етіп, бір сменада «ДТ—54» тракторымен 70 гектарға дейін тұқым септі. Жаңар май тасушы Р. Синичкин, сушы А. Яковлева жолдастар тракторларға жанар май мен суды уақытылы жеткізіп, трактор-

30-40 минут техникалық күтім жасайды. Бұл жұмысқа екі сменадағы тракторшылар мен тіркеушілер қатыстырылады. Тракторшылар тракторлардың моторларының жұмысын байқады. Босаған винтерін қатайтып бұрайды. Тіркеушілер тіркеу саймандарының жұмысын тексерді.

Алайда, Петропавл МТС-нің кейбір басшылары тракторлардың жұмысымен жете шұғылданбайды. МТС-тің бас инженері Лизерович жолдас егіс жұмыстары басталғалы бригадалаға бірде бір рет келген емес. Кей уақыттарда тракторлар бөлшектерінің сынып қалу фактісі кездесті. Бұл жөнінде МТС тарапынан жедел көмек көрсетілмеді.

Колхоздың бастауыш партия ұйымы механизаторлар мен колхозшылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетіп, оларды қажырлы еңбек етуге жұмылдыра білді. Үгітші Н. Жапанталин жолдас механизаторлармен жиі-жиі әңгіме өткізіп, алдыңғы қатарлы тракторшылардың іс тәжірибесін көпшілік игілігіне айналдырып отырды. Бригадада «Жауынгерлік листок», қабырға газеті уақытылы шығып, онда істегі кемшіліктер батыл сыналды. Мұның өзі жұмыстағы кемшіліктерді кезінде жойып отыруға көмектесті.

Біздің колхоздың механизаторлары мен колхозшылары алдында әлі де аса маңызды міндет тұр. Ол—45 гектар картоп және 32 гектар оwoць егістерін егу. Бұл егістер жөніндегі жоспарды толық орындап, одан мол өнім алынуын қамтамасыз ету, қала еңбекшілерінің көрпөп және owoць жөніндегі қажеттерін толығынан қанағаттандыру ісіне келелі үлес қосады.

Кәзірдің өзінде 8 гектар картоп шаршы-ұялап отырғызылуда. Бұдан басқа 3 гектар қызылша, 2,2 гектар сәбіз, 3 гектар пияз отырғызылды. Біз барлық картоп пен owoцьты шаршы-ұялап отырғызамыз. Бұл жұмыста Василий Мячкин жолдастың басқаруындағы оғорд бригадасының мүшелері еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде. Олар бұл күндері егу ісінде аянбай еңбек етіп жүр.

Біздің колхоздың колхозшылары және механизаторлары туысқан Украина халқының Россияға қосылуының 300 жылдық мерекесін осындай зор табыстармен қарсы алып отыр. Колхоз егіншілері мен механизаторлары колхоздың экономикалық шаруашылығын нығайтуда, колхозшылардың әл-ауқат мәдени дәрежесін жақсарту күресінде әр уақытта жаңа табыстарға ие болады.

Н. МОИСЕЕВ, Петропавл ауданы, Пушкин атындағы

## Советтік Қазақстанда



Республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігінің насихат бас басқармасы жергілікті жерлерге быйыл ауылшаруашылық әдебиетінің 150 мың данаға жуық кітаптарын жіберді.

СУРЕТТЕ: Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауылшаруашылық техникалық кітаптар шығаратын Алматы баспаханасында жергілікті жерлерге жіберілетін кітапшаларды әзірлеу.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

## Қазақстан делегациясы Украин ССР Жоғарғы Советінің Мерекелік сессиясына жүріп кетті

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы, республиканың Министрлер Советі және Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Украин ССР Жоғарғы Советінің Президиумынан, республикасының Министрлер Советінен және Украина Коммунистік партиясының Орталық Комитетінен Украин ССР Жоғарғы Советінің Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған Мерекелік сессиясының жұмысына қатысу үшін Қазақ ССР делегациясын жіберуге шақырған хат алды.

Мерекелік сессияның жұмысына қатысу үшін делегация жіберілді, оның құрамында мына жолдастар бар: Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі П. Д. Оңдасынов (делегацияның басшысы), Қазақ ССР Ғылым Академиясының физиология институтының директоры, республика Ғылым академиясының мүше-корреспонденті А. П. Полосухин, жазушы М. Әуезов, ССРО халық артисесі К. Байсейітова, Қазақстанның атақты қызылша өсірушісі, Талдықорған облысының Талдықорған ауданындағы «Первое Мая» колхозы председателінің орынбасары О. К. Гоняженко, Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтарал ауданындағы «Коммунизм» колхозының председателі Т. Жайлыбаев, Қазақ ССР халық артисесі

ланды. Маға жасыл жемшоп өсіреу үшін 200 гектар, жай жемшоп үшін 1000 гектар, сүрлеу үшін 60 гектар шөп егілді. Бұдан басқа мал азығындық дәнді дақылдар егісі де өткен жылғыдан анағұрлым ұлғайтылды.

Егіс жұмыстарында № 1 бөлімшенің (менгерушісі Трихин жолдас) механизаторлары алда келеді. Мұндағы тракторшы Г. Розин мен К. Резвих жол-

агрегаты да сменалық тапсырмаларын күн сайын едәуір асыра орындап жүр. Кәзір бөлімшелердегі егіс жұмыстарынан босаған тракторлардан 6 шынжыр табанды трактор жаңадан құрылған Маленков атындағы астық совхозына, екі трактор «Красный полтавец» колхозына көмекке жіберілді. Бірқатар тракторлар пар жырту жұмысына бөлінді.

**В. ЗИНОВЬЕВ.**

#### ОЗАТ ТРАКТОРШЫЛАР

Аманкелді атындағы колхозды қамтитын (Ленин ауданы) Ильич атындағы МТС-тің механизаторлары техника күнін іскерлікпен пайдалана отырып, егісті мерзімінде жоғары сапалы аяқтау үшін күресуде. Әсіресе, Байманов жолдас басқарған трактор бригадасының мүшелері Жумин, Тәкішов және Смағұлов жолдас-тар өздерінің сменалық тапсырмаларын үнемі артығымен орындауда.

Тракторшы Тәкішов «СТЗ-НАТИ» тракторымен күн сайын 55-60 гектар алаңға тұқым сөуіп, сменалық тапсырмасын 120-130 проценттен орындайды. Ал, Жумин жолдас трактордың қуатын толық пайдалана отырып, смена сайын біржарым екі норма орындауда.

**К. УҚІБАСОВ.**

және тыңайған жерлер есебінен өткен жылғыдан 2500 гектар ұлғайтуға міндеттенген болатын. Олар алған міндеттемелерін мінсіз орындау жолында қажырлы еңбек етті.

Әсіресе, механизаторлар еңбектің тамаша үлгісін көрсетті. Олар тың жерлерді жыртуда тракторлардың қуатын өнімді пайдалана отырып, бұл жұмысты 5—6 жұмыс күні ішінде өткізді. Тың жерлерге жазық қатты бидай тұқымы себілді. Сол сияқты тракторшылар егіс жұмыстарының басқа салаларында да еңбектің тамаша үлгісін көрсетті. Жұмсақ жерді жыртуда, тұқым себуда механизаторлардың көпшілігі сменалық тапсырмаларын үнемі артығымен орындап отырды. Осының нәтижесінде совхоз бойынша 20 майға дейін 16 мың гектарда астам жерге тұқым себіліп, егіс жоспары 100 процент орындалды.

**Т. ЕСЕНОВ.**

істеуіне толық мүмкіндік туғызды. Тракторлардың тоқтаусыз жұмыс істеуінің себебі оған механизаторлардың техникалық күтімді уақытылы жүргізіп отыруынан деп түсіну керек. Әрбір тракторшы смена ауысар кезінде тракторға

#### Жастардың бригадасы алда

Ниқолаев МТС-нің тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі № 5 трактор бригадасы «Красное знамя» колхозында жұмыс істейді. Бригададағы механизаторлар партиямыздың шақыруы бойынша тың жерлерді игеруге еліміздің басқа облыстарынан келген комсомолдер. Олар 5 шынжыр табанды трактормен осы колхозда 500 гектар тың жерді жырттып, өңдеуге және оған бидай егуге, келесі жылдың егістері үшін пар мен зяб ретінде 3700 гектар тың көтеруге міндеттенгенді.

**Н. САЗОНОВ,**  
Бастауыш партия ұйымының  
секретары.  
**Г. ШМОЛИН,**  
Петропавл МТС-нің № 12 трактор  
бригадасының бригадирі.

Жас механизаторлар өз міндеттемелерін аброймен орындау жолында қажырлылықпен еңбектенуде. Кәзір олар 450 гектардан астам тың көтерді. Ол жерлерді жоғары сапада өңдеді және оған тұқым септі.

Механизаторлардың өзара социалистік жарысында комсомол тракторшылар Игнатьев, Губанова жолдас-тар үздік алда келеді. Олар сменалық тапсырмаларын үнемі асыра орындайды.

**И. СМАҒҰЛОВ,**

Преснов ауданы.

Делегация самолетпен Киевке ұшып кетті.

#### ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ БАЙЛАНЫС

ШЫМКЕНТ, (ҚазТАГ). Шымкент металлургтерінің туысқан Украина еңбекшілерімен достығы нығая түсуде. Шымкенттің Ленин орденді қорғасын заводы кәзір Украинаның көптеген кәсіпорындарынан өнім алып отыр. Запорожье-нің еңбекшілері металл, харьковтіктер— өлшеуші бақылау аспаптарын, подшипниктер, киевтіктер —арматур, кабель өнімдерін жіберуде.

Шымкент заводының маркасы бар металл Украинаның ондаған кәсіпорындарына барады. Шымкенттіктер украин металлургиямен тығыз творчестволық байланыс жасауда. Жуырда заводтың бас механигі Климов жолдас, қуат цехының бастығы Бухтояров жолдас «Запорожьесталь» комбинатында озат тәжірибені үйренуде болды. Шымкент заводының коллективі Константин металлургия үшін металлды қырлау технологиясын жасап, өздерінің үйрену комбинатында «Укрцинк» заводы мамандарының үлкен бір тобын озат тәжірибеге үйретті.

Шымкент заводының тау-металлургия техникумының кешкі бөлімін бітірген жас жұмысшылар ағайынды Ыбраһым және Сұлтан Хайруллиндер, Шекербек Байзитов «Укрцинк» заводына түпкілікті жұмысқа барады.

#### Достық кеші

СЕМЕЙ, (ҚазТАГ). Қала еңбекшілері даңқты датаны —Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын салтанатты түрде атап өтуде. Кәсіпорындарында, мекемелерде және оқу орындарында насихатшылар Совет Одағы халықтарының туысқандық достығы туралы лекциялар оқуда. Кітапханаларға, клубтар мен мәдениет үйлерінде кітап көрмелері және фотовитриналар ашылды.

Семейде Украин ССР-нің еңбек сіңірген «Трембита» капелласының гостролі үлкен табыспен өтуде. Украин артистерінің гостролі кеше достық кешпен аяқталды. Педагогика институтының оқытушысы Әужанов жолдас Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы туралы баяндама жасады. Онан кейін концерт болды.

#### Каспи балығы

ГҮРБЕВ, (ҚазТАГ). Каспидің солтүстігінде балық аулау қызды. Теңіздің Солтүстік-шығыс жағалауына сельдь балығы үйір-үйір болып келуде. Балықшылар көп балыққа кездесулі. Кеше Гүрбев ауданының балық аулайтын колхоздары облыста бірінші болып балық аулаудың жарты жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Микоян атындағы артельдің балық аулаушылары июль айының есебіне 700 центнер балық өткізді. Колхоз өткізген балығы үшін 500 мың сомнан артық ақша алды.

## ТЫҢ ЖЕРЛЕРДІ ИГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ҚУАТТЫ ТЕХНИКА

ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің МТС-тер және ауыл шаруашылығын механикаландыру Бас басқармасы бастығының орынбасары А. А. ШИБАНОВПЕН әңгіме

Партия мен үкмет таяудағы жылдарда миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде аса маңызды міндет қойды. Тек быылғы жылдың өзінде ғана Қазақстанның, Сибирьдің, Уралдың, Поволжьеңің және ішінара Солтүстік Кавказдың колхоздары мен совхоздары 2,3 миллион гектар жаңа жерлерге астық егуі тиіс. Келесі жылы колхоздар, МТС-тер және совхоздар тағыда кемінде 10,7 миллион гектар жерге астық егуі керек. Тұтасынан алғанда осы екі жылдың ішінде біздің елімізде жаңа жерлерге егілетін бидай егісінің көлемі Аргентинаның, Австралияның, Францияның және Француздық Марокконның бидай егісі көлемдерін қоса алғанда асып түсетін болады. Жаңадан игерілетін жерлердің негізгі бөлігіне бізде аса бағалы азық-түліктің дақыл жаздық бидай өсірілетін болады. Бұл дақыл үшін тың және тыңайған жерлер мейлінше қолайлы болып табылады.

Екі жылдың ішінде біздің елімізде 13 миллион гектар жаңа жер игерілетін болады. Қысқа мерзімнің ішінде осындай зор көлемді жерді игерудің қарқынын егіншілік тарихы бұрын соңды біліп көрген емес. Мұндай міндетті шешу тек Совет мемлекетінің ғана қолынан келеді. Біздің еліміз ауыл шаруашылығы жұмыстары механикаландыру жөнінде дүние жүзінде бірінші орын алады. Соңғы жылдарда жетілдірілген 200-ден аса түрлі ауылшаруашылық машиналары жасалды. Индустриалдық еңбек әдісі егіс даласында берген сайын келінен қолданылуда. Біздің ауыл шаруашылығымыз өндірістің жеке процестерін механикаландырудан бірте-бірте комплексті механикаландыруға көшіп отыр.

Быйылғы көктемде тыңға негізгі шабуыл басталған еліміздің шығыс аудандарының машина-трактор станциялары қуатты ауылшаруашылық машиналары-

мен жабдықталған. Кәзір бұл аудандардың МТС-теріне ауылшаруашылық жаңа машиналары және жабдықтар үсті-үстіне жеткізіліп жатыр.

Осы көмектің мөлшерінің орасан күрделі екендігін байқап көру үшін Владимир Ильич Лениннің бір кездегі ауыл шаруашылығы үшін 100 мың тракторды арман еткенін еске түсіру қажет болады. Кәзір партия мен үкмет бір жылдың өзінде ғана 15 аттық күші бар 120 мың трактор, 10 мың комбайн және тиісті мөлшерде трактор плуттерін, тұқым сепкіштер, дискалық ауыр тырмалар, культиваторлар, тағы басқа ауылшаруашылық машиналар бөліп отыр. Машина-трактор станцияларына техникалық жағынан қызмет ету үшін автомашиналар, жылжымалы жөндеу мастерскойлары, автодистеріңдер, өздігінен жанармай-жағармай құйғыштар, алуан түрлі аспаптар және құрал-жабдықтар жіберіліп жатыр.

Шығыс аудандарының механизаторларына көптеген жылдар бойы түрлен тиген ауыр топырақты жерлерді көтеріп, жыртуға тура келеді. Екі жылдан бастап —тыңайған жерлер, ал 25 жылдан аса уақыт бойы түрлен тимеген жерлерді —тың жерлер деп атайтындығы мәлім. Осы жерлерді жырту үшін механизаторларға көмекке қандай техника беріледі.

Тың жерлерді көтеруде жұмыс істеу үшін әрі қуатты, әрі үнемді «С—80» және «ДТ—54» дизельді тракторлары арнады. «С—80» тракторы екі плугпен сменада 12 гектарға дейін тың жер жырта алады, ал «ДТ—54» тракторы осы мерзімнің ішінде 6—7 гектар тың жырта алады. Бұлардың өнімділігі дөңгелекті тракторлардан екі-үш есе артық, ал жанармай шығыны жарты еседей кем. Бұған қоса дизельді тракторлар мейлінше қолайлы, айналымдарға өте-өте икемді

зеледі. Олар жерді терең жыртуға, топырақты жақсы баптауға, егіс жұмыстарын ерте бастауға және оларды мезгілімен, қысқа мерзімде өткізуге мүмкіндік береді.

Тың және тыңайған жерлерде егіннен мол өнім алуды қамтамасыз ететін аса маңызды шарттар —жерді терең жырту екендігі дәлелденді. Жерді осылайша терең жырту тың қабаттағы арамшөптердің тіршілік етуін тоқтатады, топырақта ылғал жыйналуына және оны сақтауға, тағы басқаларға көмекші болады. Сондықтан жаңадан жер игерілетін аудандарға ғалымы екі метрдей бес қорпұсты мыңдаған ауыр плуттер жіберіледі. Бұлар шолақ түрендермен, топырақ тереңдеткіштермен жабдықталған, мейлінше берік жақтаулары бар және ол әртүрлі топырақ жағдайларында жұмыс істей алады.

Бірақ, тыңды және көп жылдан бері тыңайған жерді жыртқан қана қою жеткіліксіз, бұл жерлерді егіске әзірлеу керек. Тың жерлердің топырағын баптау үшін дискалы сыдыра жыртқан, сол сияқты малалар және культиваторлар қолданылды. Кәзір машина жасау заводтары тың жерлерге бидай егу үшін тарқатарлы тұқым сепкіштер жіберіп жатыр. Бұл машиналар тұқымның біркелкі себілуін қамтамасыз етеді, тұқымның өсіп жетілуіне мейлінше қолайлы жағдай жасайды. «С—80» тракторына осындай 6 тұқым сепкішті тіркеп, ал «ДТ—54» тракторына 3 тұқым сепкішті тіркеп жұмыс істеуге болады.

Шығыс аудандардың МТС-терінің машина паркі мезгілімен астық жыйнайтын техникамен — «С—6» және «С—4» комбайндарымен толықтырылуда. Бұл комбайндар өздерінің өнімділігі және үнемділігі жағынан капиталистік елдердің ауыл шаруашылығында қолданылып жүрген

осындай машиналардан әлде қайда артық. Соңғы конструкция бойынша жасалған совет комбайндары егісті төмен алып арады, мұның өзі сабан жыйнауды артыра түседі және аңызды сыдыра жырту үшін, зяб жырту үшін ең қолайлы жағдай жасайды. Біздің машиналарымыз сабан жыйнағыштарды қолдануға мүмкіндік береді, сөйтіп егістік жер сабаннан лшанша тазартылады, аңызды сыдыра жырту егісті жыйнаумен қатар жүргізіледі. «С—6» комбайнының астық бастырығыш қуатты бөлімі бар, ол мол өнімді егінді жыйнауға жақсы бейімделген. Өздігінен жүретін «С—4» комбайны мейлінше икемді келеді, егістікті алдын ала әзірлеуді керек етпейді, егістің пісуіне қарай ішінара іріктеп жыйнай алады.

Жүк көтергіштік қуаты 3,5 тоннаға жететін безвин тасығыш машиналар жұмыстың тоқтаусыз жүргізілуін қамтамасыз етеді. Арнаулы жанармай құйғыштар жанармайды тракторларға құю үшін борозданың жаңына алып келеді. Тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандардағы МТС-тердің жаңынан автомобильге орнатылған көптеген жылжымалы жөндеу мастерскойлары құрылады, бұлар станоктармен, сол сияқты тракторларды және ауылшаруашылық машиналарын егіс даласы жағдайында жөндеу үшін қажетті әртүрлі бейімделген аспаптармен, құралдармен жабдықтаған.

Тың жерлерді игеру —бүкілхалықтық іс. Еліміздің көптеген өнеркәсіп орындары шығыс аудандарының МТС-теріне көмек көрсетуде, олар бұл жерлерге маман кадрлар және қосымша жабдықтар жіберуде. Ауыл шаруашылығының заказдары заводтарда мерзімінен бұрын орындалады. Түрлі жабдықтар беруші кәсіпорындары өздері жасап шығаратын ауылшаруашылық машиналарының сапасына ерекше көңіл бөледі. Жаңа жерлерді игеретін аудандарға жіберілетін құрал-жабдықтардың, мысалы плуттер мейлінше берік, тез тозбайтын болуға тиіс, өйткені тың көтеру ұзақ уақыт бойы тұтқырылғы мейлінше күшті топырақты жерлерде жүргізілетін болады.

МТС механизаторларының міндеті —көктемнің алғашқы күндерінен бастап

бүкіл машина-трактор паркінің үздіксіз жұмыс істеуін, оның толық пайдаланылуын қамтамасыз ету, барлық тракторлардың екі смена бойынша жұмыс істеуін ұйымдастыру болып табылады. Тракторлардың өнімді жұмыс істеуінің сменалық нормаларды асыра орындаудың негізі тракторлардың қуатын толық пайдалану, агрегаттарды дұрыс комплекстету және шашандықтарын іскер пайдалана білу болып табылады.

Техниканы мұқият күтпейінше, техникалық күтімді тиімді ұйымдастырмайынша, жұмыс күнін толық пайдаланбайынша жаңа жерлерді игеруде өндірістің зор көрсеткіштерге жетуге болмайды. Машина-трактор паркінің өнімділігін арттыруға техниканы бізге білмейінше жету мүмкін емес. Техниканың тетігін білу үшін трактор бригадаларының бүкіл құрамында тоңтық сабақ өткізуді үнемі ұйымдастырып тұрумен қатар, жаңадан келгендерді тәжірибелі ежелгі механизаторларға бекіту арқылы дербес оқуды ұйымдастыру қажет болады.

Жаңа жерлерге жіберіліп жатқан қуатты ауылшаруашылық машина тың және тыңайған жерлерді баптау жөніндегі барлық жұмыстарды комплексті механикаландыруға, бүкіл ауылшаруашылық жұмыстарды ең жақсы агротехникалық мерзімде орындауға мүмкіндік береді. Колхоздар мен МТС-тер механизаторлардың тұрмыстық және мәдени тілектеріне, жұмысқа кірісуге дер кезінде әзірленуге және жұмыс кезінде тракторлар мен агрегаттарға үздіксіз қызмет етіп тұруды қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлулері тиіс.

Қазақстанның, Сибирьдің, Уралдың, Поволжьеңің және Солтүстік Кавказдың механизаторлары тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде партия мен үкметтің жауынгерлік тапсырмасын аброймен орындайтындығында ешбір күмән жоқ. Олар осы маңызды істе еліміздің басқа аудандарының колхозшыларының, біздің даңқты жұмысшы табының, бүкіл совет халқының бүкілхалықтық көмегін алып отыр.

# Кеше мектептерде емтихан басталды

## Қазақ мектептерінде орыс тілі

Қазақ мектептерінде орыс тілінен сабақ беру өте жауапты жұмыс. Бұл әрбір мұғалімнен сабаққа жақсы дайындалуды керек етеді. Кейде оқытушылардың бұл жұмысқа жете назар аудармауынан оқушылар сабақты тиісті дәрежеде үлгере алмайды.

Мен қаладағы М. И. Калинин атындағы қазақ орта мектебінде орыс тілі және орыс әдебиетінен сабақ беремін. Быйылғы жылғы емтихан — менің өз өмірімдегі алғашқы емтихан болмақ.

Емтиханға тек қана оқушылардың білімді қалай меңгергендігі сыналып қоймайды, сонымен бірге, оқытушылардың жас ұрпақтарды тәрбиелеу және оларға білім беру саласындағы еңбектері де бағаланады. Бір сөзбен айтқанда, емтихан — оқушылар мен оқытушылар үшін маңызды бірдей сынды кезек.

Мен емтиханға дайындалу жұмысына майды, сонымен бірге, оқытушылардың өтіпген материалдарды терең меңгерулеріне тырыстым. Әресе, консультациялар және қосымша сабақтар өткізуге база көңіл аудардым.

«Қайталау—білім анасы» дейді Ушинский. Расында да, емтиханға дайындық кезінде жүйелі түрде жүргізілген қайталаулар емтиханды ойдағыдай өткізуде зор роль атқарады. Сондықтан мен, әресе, қайталауды жүйелі түрде жүргізуге тырыстым.

Консультация мен қосымша сабақтардың кезінде кейбір оқытушылар өтіпген материалдарды қысқаша шолып өтуге көп маңыз береді. Небары 45 минут уақыттың ішінде бірнеше жыл бойы өтіпген материалдарды шолып өту — өте үстірттікке ұрындыратынына сөз жоқ. Сондықтан консультациялар мен қосымша сабақтарды жалпы шолудан гөрі оқушылар еркін меңгермеген жеке тақырыптардан негізді түрде түсінік берген дұрыс.

Мен быйылғы жылы алғаш рет екі X-класс және бір VII-класстан емтихан қабылдаймын. Бұл мен үшін әрі абройлы және жауапты міндет. Үкмет пен партия біздерге коммунизмнің болашақ құрылысына — жас ұрпақтарды тәрбиелеу сияқты зор игілікті міндет жүктеп отыр. Мен абройлы міндетті іспен ақтап, емтиханды ойдағыдай өткізетін боламын.

**Г. ИБРАЕВА,**

Қаладағы М. И. Калинин атындағы қазақ орта мектебінің оқытушысы.

## Жақсы, өте жақсы баға үшін

Мен қаладағы М. И. Калинин атындағы қазақ орта мектебінің IX-шы класында оқыймын. Кеше мен оқу жылының алғашқы емтиханым тапсырдым. Емтихан қорытындысы ойдағыдай болды.

Біздің класс оқушылары емтиханға дайындық жұмыстарын ерте бастан қолға

## АЛҒАШҚЫ КҮН

Қаладағы В. И. Ленин атындағы № 1 қыздар орта мектебінің алаңы көңілді, қуанышты қыздарға лық толған. Барлығы да бір үлгімен киінген бұл жас қыздардың жүздерінен бақыттылық пен шаттықтың нышаны айқын сезіледі. Олардың шатты жүздері бұл күнді асыға күткендігін және емтиханның басталуы олар үшін зор мереке екендігін айтпай-ақ аңғартып тұр.

Мектептің үлкен алаңында қатар тұзеп тұрған мынаған астам бұл жастарды құттықтауға облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Шербаков және мектеп директоры Дәулетқасиева жолдастар келді.

—Жас достар! Сіздерді емтиханның басталуымен құттықтаймын, — деді мектеп директоры Рәшида Дәулетқасиева. — Сіздердің оқын білім алуларыңызға, балалық шақтарыңыздың бақытты болуына үкмет пен партия әкелік қамқорлық жасап отыр. Бұл қамқорлықты сіздер сабақты өте жақсы оқумен, сөйтіп, емтиханды ойдағыдай аяқтаумен ақтауға тиіссіздер. Сіздердің емтиханды ойдағыдай тапсыруларыңызға тілектесмін.

Таңертеңгі сағат 9. Емтихан қабылдаудың басталғандығын хабарлап қоңырау да соғылды. Бұл минутты асыға күткен оқушылар өз кластарына асыға кіріп, орындарына отырысты. Олардың жүздерінен қуанышпен бірге емтихан алдындағы тәлжұшылықтың бейнесі айқын аңғарылып тұр.

X «е» класының оқушылары бұл күнге қызу дайындықпен келген еді. Бұл класта оқыйтын оқушы қыздардың барлығы да оқу жылының жылдық қорытындысында барлық пәндерден «4» және «5» деген бағамен келген болатын. Міне, бүгін олар өздерінің алғашқы мемлекеттік емтиханын тапсыруға кірісті. Азdan соң Оқу министрлігі жіберген пакет те ашылды. Оқушылар орыс тілі және әдебиетінен өздері жазатын шығарманың тақырыптарымен таныса бастады.

Емтиханда жақсы дайындық — жақсы нәтиже бермек. Бұл жағдай осы кластың бүгінгі шығарма жазуларынан айқын көрініп тұр. Оқушылар ешбір әбігерліксіз-ақ сабырлы түрде емтихан шығармасын жаза бастады. Ал бұл сияқты жағдайды бұл мектептің өзге кластарынан да аңғаруға болатын еді.

Ленин атындағы орта мектеп облысымыздағы ең алдыңғы қатарлы мектептердің бірі. Бұл мектеп құрылғаннан бергі 16 жыл ішінде мұнда мыңдаған адамдар орта дәрежелі білім алып, олардың көпшілігі жоғары оқу орнын бітіріп шықты. Көздің өзінде осы мектепте тәрбиеленіп, еліміздің жоғары оқу орындарын бітірген 50-ден астам жас Петропавл қаласында істейді. Олардың қатарында № 1 Совет

ауруханасының бас дәрігері Новосельцев, дәрігерлер Приказчикова, Лапина, Алексеева, инженерлер Астапчук, Шулепова, Краева, қаладағы К. Д. Ушинский атындағы оқытушылар институтының оқытушысы Калашникова жолдастар бар. Осы мектепті бітіруші Дядиков Москваның М. В. Ломоносов атындағы Мемлекеттік университетін озаттық дипломмен бітірген болатын. Талантты жас кәсіпкер ССРО Ғылым Академиясының ғылыми қызметкері. Осы университеттің геология факультетінің студенті Куфман, Ленинград университеті филология факультетінің студенті Зяблова жолдастар жуырда өздері оқын бітірген Ленин орта мектебінің оқушылар және оқытушылар коллективі мен кездесті.

Быйылғы жылы бұл мектепте 1011 оқушы қыздар емтихан тапсырады. Оның ішінде 146 қыз — орта мектепті бітірушілер. Ал VII-классты 203 оқушы бітіруге тиіс.

Мектептің оқушы және оқытушылар коллективі емтиханға зор дайындықпен келген еді. Емтиханға дайындық кезінде мұнда «Лениншілдер», «Емтиханға дайындал» атты апталық қабырға газеттері, емтиханға қалай дайындалу туралы оқытушылар кеңестері шығып тұрды. Мектеп кітапханасы мен физика, химия және биология кабинеттері оқушылардың емтиханға дайындалу жұмыстарының орталығына айналдырылды. Бұл кабинеттерде X-класс оқушылары өздерінің практикалық жұмыстары үстінде 200 ден астам көрнекі құралдар жасады. Мектепте емтихан бөлмелері ашылып, консультациялар мен қосымша сабақтар жүйелі түрде өткізіліп отырылды, көрнекі жерлерге емтихандар мен сынақтардың расписаниялары ілініп, емтихан комиссиясының мүшелерінен жауапты кезекшілер тағайындалды.

Жақында мұнда оқушылардың ата-аналары жыйналысы өткізіліп, олар емтихан ережелерімен таныстырылды.

Бұл сияқты жақсы дайындық өзінің игі нәтижесін берді. Бұл мектепте көптеген кластар түгелімен дерлік емтиханға жіберілді.

Емтихан қабылдаушы оқытушылардың ішінде өмірінің басым көпшілігін жас ұрпақтарды тәрбиелеу жолында өткізген, республикаға еңбегі сіңген оқытушы Курбаковская сияқты қарт педагогтар мен өздерінің алғашқы емтиханын бастап отырған Савлук, Симакон сияқты жас оқытушылар да бар.

Емтихан тапсырудың алғашқы күні бұл мектепте зор ұйымшылдықпен бас-талды.

**Ж. МҰҚАНОВ.**

## Кәмелеттік аттестат алады

Қаладағы С. М. Еринов атындағы орта мектепте өздері қатарлы тақырыптар...

## Совхозда мал шаруашылығы

Бөп жылдар бойы Қыялы астық совхозында мал шаруашылығын өркендетуге елеулі көмшіліктер орын алып келді. Совхоз дирекциясы мен партия ұйымы тарапынан шаруашылықтың бұл аса маңызды саласын өркендетуге басшылықтың қанағаттанғысыз болуы салдарынан мал санын көбейту, оның өнімділігін арттыру жөніндегі жоспарлар орындалмады. Мал шығыны көп болуына жол берілді.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін мынадай бір мысалды келтірейік. Совхозда 1952 жылы әрбір 100 аналық малдан 65 қозы, 47 бұзау, әрбір мезекінен 7 торай алынды. Сауын сыйырдың әрқайсысынан орта есеппен 1272 литрден сүт сауылды, әрбір қойдан 1,7 килограмм жүн кырқылды.

Мал басын көбейту оның өнімділігін арттырудағы мұндай төзгісіз жағдайдың болуына совхозда жемшөптің жеткіліксіз дайындалуы, малдың шығын болуына аналық малдардың жаппай қысыр калуы негізгі себеп болып келгенін атап айту керек.

1953 жылдың басында совхоз коллективі өткен жылдардың көмшіліктерінен қорытынды шығара отырып, мал шаруашылығындағы артта қалушылықты тез жөндюу шараларын белгіледі. Демек, жеткілікті мөлшерде жемшөп қорын жасау, мал басын төл есебінен өсіру, мал шаруашылығының өнімдерін арттыру мәселесі қызу қолға алынды.

Сауыншылар, шопандар, шөпке күтушілер өзара социалистік жарысқа түсіп, бірде-бір аналық малдың қысыр қалуына жол бермеуге, алынған төлді аман сақтауға, әрбір сыйырдан сауылтатын сүттің мөлшерін едәуір арттыруға міндеттенді. Олардың жұмысына зоотехниктер мен малдәрігерлері үнемі көмектесіп отырды. Малды күтіп, бағу, азықтандыру, жағдайды күту жұмыстарына ғылым мен озат тәжірибелердің табыстары кеңінен енгізілді. Аналық малдарды шағылыстыру жұмысы да ғылым мен озат тәжірибелерге негізделіп ұйымдастырылды.

Мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру мақсатында жүргізілген бұл шаралар өзінің игі нәтижесін бермей қоймай жоқ. Мәселен, 15 апрельге дейін қоздаған қойлардан 749 қозы алынып, аман өсіріліп келеді. Бұл—әрбір 100 қойдан 100 қозы алынып, оларды шығынсыз өсіру қамтамасыз етілді деген сөз. Апрель айында мезекінен де жаппай торайлай бастады. Айдың тек бірінші жартысында ғана төлденген 40 мезекінен 357 торай алынды. Сыйырлардың бұзаулауы және алынған бұзаулардың аман сақталуы да едәуір жақсарды.

Өткен жылы жабайы жемшөп керекті мөлшердегіден мол дайындалды, ал, концентратты азықтармен совхоз алғашқы рет толық қамтамасыз етілді.

Бұл жағдайлар қыс айларында малдан алынатын өнімнің өткен жылдың қыс айларында алынған өнімнен 4—5 есе

## Шөп шабуға әзірлік

## Мал шаруашылығына көңіл бөлінбеген жерде

Совет ауданында шөп шабуға әзірлік нашар

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының алдына қолхоздар мен совхоздарда ауыл шаруашылығының негізгі саласы— қоғамдық мал шаруашылығының шұғыл өркендеуін қамтамасыз ету міндетін қойды. Елімізде мал басының көбеюі, әресе, өнімді мол беретін маңдың саны арта түсуі халқымыздың мал шаруашылығы өнімдеріне, жеңіл өнеркәсіптің шикізатқа деген қажетін толығынан қанағаттандырады.

Колхоздар мен совхоздарда мал санының көбеюі, оның өнімділігі арта түсуі ең алдымен мал азығының берік базасы жасалуына, тікелей байланысты. Совет ауданының колхоздарында соңғы жылдары мал азығын дайындау жоспары үнемі орындалмай келеді. Өткен жылы бұл жөніндегі жоспар тонна есебінен ауданның бірде бір колхозында орындалған жоқ. Мал азығының тапшылығынан бірқатар колхоздар қыстың күндері көптеген қышыншылықтарға кездесті. Аудандық партия комитеті мен Совет аткомі кейбір колхоздарда малға берілетін күнделікті азықтың нормасын кемітуге де мәжбүр болды.

Мұның ақыры неге әкеліп соқты? Біріншіден, бірқатар малдың қоңы төмендеп, шығынына жол берілді. Екіншіден, малдың өнімділігі мүлдем аз болды. Аудан колхоздарында қыстың 7 айында әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 302 литр ғана сүт алынды. Колхоздар мемлекетке сүт тапсыру жөніндегі алғашқы төкесанның тапсырмасын орындай алмады.

Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет аткомінің басшы қызметкерлері, колхоздар мен МТС-тердің басшылары мал шаруашылығын өркендетудің нақтылы шараларын осы бастан белгілеп, оны жүзеге асыруға ауыл-село еңбекшілерін жұмылдыра білулері керек еді. Олар быйылғы жылы мал шаруашылығын өркендетуге жаңа табыстарға жету үшін мал азығын дайындау маусымына әрбір колхоздың, МТС-тің ұйымшылдықпен кірісулерін қамтамасыз етуге міндетті.

Кәзіргі істің жағдайы бұған мүлде керісінше болып отыр. Аудан, колхоз және МТС басшылары өткен мал қыстатуда кездескен қиыншылықтарды ұмытпай деуге болмайды. Оның барлығы олардың есінде. Бірақ, жаз шығысымен олар мал шаруашылығының жайымен жете шұғылданбады. Бұл іске атүсті басшылық жасалады. Тіпті аудандық партия комитетінің секретары Бәшіров, аудандық Совет аткомінің председатели Живулина жолдастар тек қана егіс жұмыстарына назар аударып, бір жақтылыққа салынды. Олар колхоздар мен МТС-тердің басшыларынан шөп шабу маусымына әзірлік жұмыстарының тығыздығын ұйымдастырылуын талап етпейді.

шөп машиналары мен жыйнағыштарын жөндеу әлі қолға да алынбаған.

Мұндай көмшіліктер ауданның басқа колхоздарында да жоқ емес. Ауданның көпшілік колхоздары мал азығын дайындау ісіне әзірлікке көріне-көзге кіріспей отыр. Осының салдарынан аудан колхоздарында 133 шөп машинасының 26 ғана жөнделген.

Бұл көмшіліктердің орын алу себептері неліктен? Оны жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының бұл іске әлі күнге дейін жете көңіл бөлмеулерінен деп түсіну керек. Мұнымен бірге көпшілік колхоздардың басшылары МТС-тердің күшіне сенушілік сияқты зиянды пікірдің шырғауына түскен. Ондай басшылар МТС-тердің күшімен де шөпті шауып жыйнап аламыз деп, колхоздардағы шөп машиналары мен жыйнағыштарын жөндеуді ұйымдастырмаған.

Ал, олардың сенген МТС-теріндегі жағдай қалай? Енді сөзге тоқтайық. Аудандағы 3 МТС-тің қайсысында болсын шөп машиналарын жөндеу жұмысы шын мәнінде ұйымдастырылмаған. Шағын МТС-інде 55 кеңалымды шөп машиналары бар. Алайда, МТС директоры Филиппов жолдас бұл машиналарды жөндеуді мүлдем ұйымдастырмаған. МТС-те шөп машиналары мен жыйнағыштарын жөндеуге қажетті күш-мүмкіншіліктердің барлығы да бар. Мәселе МТС басшыларының мал азығын дайындау ісіне әзірлікті естен шығаруларында. Тегі Филиппов жолдас қоғамдық мал үшін мал азығын дайындау ісінде колхоздарға МТС-тің нақтылы көрсететін көмегін мүлдем ұмытқан болса керек.

Жағдай Совет МТС-інде де осындай деу керек. Бұл МТС-те 74 кеңалымды шөп машинасынан небары 3 шөп машинасы ғана жөнделген. Істің жайы осындай нашар бола тұрсада, МТС директоры Лымарь, МТС партия ұйымының секретары Павленко жолдастар төзімділік жасап келеді.

Павленко жолдаспен әңгімелескенде ол өзін шаруашылық жұмыстарына нәтижелі басшылық жасайтын кабинетті басшы сияқты көрсетеді. Бірақ, оның тек құрғақ сөз ғана. Оның көпшілік уақыты МТС-тің орталығында өтсе де ол күні бүгінге дейін шөп шабуға әзірлік жұмысы мен шұғылданған емес. Мастерскөйдағы жөндеуші жұмысшылар арасында өзара социалистік жарысты өрістетуге, үгіт-бұқаралық жұмысын жүргізу, шөп машиналары мен жыйнағыштарын жөндеу ісіндегі алдыңғы қатарлылардың іс-тәжірибесін кеңінен тарату ісіне Павленко жолдас аз көңіл бөледі.

Аудандық партия комитетінің Совет МТС-і аймағы жөніндегі секретары Садуов жолдасы колхоздарда болмайды деп айта алмаймыз. Бірақ, ол соңғы кездері барлық назарын егіс жұмыстарына ғана аударып, МТС-тің, колхоздардың басқа

...арып пен баянша өткен мектептерде толық қайталауды жүйелі түрде жүргізген болатын. Соның нәтижесінде кеше алғашқы емтиханды класс оқушыларының барлығы да ойдағыдай тапсырды.

Біздің болашақта білімді, саналы адам болуымыз үшін туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметі барлық жағдайды жасап отыр. Мектепке, оқушыларға қамқорлық жасау біздің елімізде жалпыхалықтық іске айналды. Сондықтан да біз халық қамқорлығын іспен ақтап, емтиханды ойдағыдай тапсыратын боламыз.

Мен осы мектептің жанындағы интернатта тәрбиеленемін. Менің оқып білім алуым үшін үкмет пен партия әкелік қамқорлық жасап отыр. Мен бұл қамқорлықты оқу өндірісінде озат болумен ақтаймын.

**С. САУЫТБАЕВ,**

Қаладағы М. И. Калинин атындағы қазақ орта мектебінің оқушысы.

## Емтиханды ұйымшылдықпен өткізейік

Кеше еліміздің барлық мектептерінде оқушылардан мемлекеттік емтихан және сынақ алу басталды. Облысымыздың 60 мыңнан астам оқушылары өздерінің бір жылғы оқуларының жемістерін шығаруға кірісті.

Емтихан — мектеп өміріндегі ең жауапты кезең. Өйткені, емтиханда оқушылардың білім үлгеруімен қатар оқытушылардың да жас ұрпақтарды тәрбиелеу жолындағы еңбектерінің қорытындысы шығарылады.

Быйылғы жылы Петропавл қаласындағы мектептердің өзінде ғана 500-ден астам оқушылар көмеделттік аттестатқа емтихан тапсырады. Олар бұл күндері өздерінің он жыл бойғы алған білімдерінің нәтижелерін шығарып, келешекте еліміздің жоғары оқу орындарына түсу үшін жолдама алады.

Облыс мектептері емтиханға әзірлікті ерте қолға алып, бұл салада біраз табыстарға жетті. Октябрь ауданындағы Қызылту жетіжылдық мектебі, қаладағы Ленин атындағы қыздар орта мектебінің коллективтері емтиханға дайындық жұмысын ерте қолға алып, мектеп өміріндегі жауапты кезеңнен сүрінбей өтуге қызу дайындалды.

Қазіргі уақытта жасөспірімдердің емтиханды қалай тапсырып жатқандығына, бүкіл еліміздің халықтары көңіл аударуда. Бұл жағдай оқушылар емтиханда бүкіл еліміз алдында сын береді деген сөз. Сондықтан да емтихан кезінде оқушылардың жақсы және өте жақсы баға алулары бүкіл халық тілейтін іс.

Жас достар! Сіздердің болашақта коммунизмнің белсенді құрылысшылары болуларыңыз үшін үкмет пен партия зор жағдай жасап отыр. Сіздер үшін білімге даңғыл жол ашық. Ұлы Отанның патриоты болу, халық игілігі үшін еңбек ету, сол сияқты, болашақта білімді, саналы адам болу — сіздердің басты міндеттеріңіз. Отан сіздерден емтиханды жақсы және өте жақсы деген бағамен аяқтаула-

мектептің Х-класс оқушылары кеше мектепке белгіленген уақыттан алда кайда ерте келді. Топ-топ болып өзара әңгімелесіп тұрған олар өздерінің өмірлеріндегі ең бір белесті кезең — көмеделттік аттестат алу үшін тапсыратын алғашқы мемлекеттік емтихан туралы өз пікірлерін ортаға салуда.

Мектептің класс бөлмелері де бұл күні мейрамдағыша безелген. Мектеп оқытушылары да оқушылар сыяқты мереке күндеріндегідей көңілді.

Емтихан басталғандығын хабарлап соғылған қоңыраудан кейін Х-класс оқушылары өз бөлмелеріне келіп отырды. Класс тақтасына орыс тілі және әдебиеті бойынша олар жазатын шығарманың тақырыптары жазылған. Оның біріншісі — «Некрасов — ұлы халық ақыны» деген тақырып. Сонымен бірге «Совет әдебиетіндегі менің сүйікті образым», «И. В. Сталин Маяковскийді «Біздің заманымыздың ең жақсы, ең талантты ақыны» деп неге атаған» деген тақырыптар бар. Оқу-

шына шығарма жазуға кірісті.

Күндізгі сағат 2. Бұл кезде орта мектепті бітірушілердің көпшілігі емтихан комиссиясына өз шығармаларын тапсырған еді. Көмеделттік аттестат алу үшін алғашқы емтиханның бұл шығармаларында жас ұрпақтардың өздерінің Отанына деген мақтаныш сезімдері, патриоттық ой-тілектері айқын баяндалып, олардың орыс тілі және әдебиеті бойынша өтілген материалдарды толық меңгергендері айқын көрінеді.

Оқушылардың басым көпшілігі Совет әдебиетіндегі өзі сүйетін образдар туралы жазған. Олардың ішінде Павел Корчагиннің, Алексей Мересьевтің, Олег Кошевойдың, Зоя Космодемьянскаяның образдары туралы жазған шығармалар бар.

Емтиханның алғашқы күнді қорытындысы Х-класс оқушыларының өтілген материалдарды толық және мазмұнды меңгергендіктерін көрсетті.

**А. ВЕРНИЧЕНКО.**

☆  
**И. БЕЛЕТЧЕНКО,**

ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретары.

☆

рыңызды, сөйтіп, оқу өндірісінде табысты болуларыңызды талап етеді. Бұл — өте зор талап. Бірақ, сіздер бұл талапты орындайды деп сенеміз.

Емтиханның ойдағыдай өтуі сіздердің дайындықтарыңызға байланысты. Сондықтан да, сіздер өтілген материалдарды толық меңгеріп, емтихан билеттерінің сұрақтарына ойдағыдай жауап беретін болып дайындалуларыңыз керек.

Емтиханның ойдағыдай өтуі, сол сияқты, емтихан тапсыратын оқушылардың білімін дұрыс бағалау, емтихан комиссияларының жұмысына байланысты. Сондықтан емтихан комиссиясының мүшелері өз жұмыстарына зор жауапкершілікпен қарап, әрбір оқушының білімін терең және жан-жақты сынауға тиіс. Сол сияқты, оқушылардың берген жауаптарына және білімдеріне сәйкес баға қою емтихан комиссиясының мүшелері үшін үлкен сын.

Емтихан кезінде ымырашылдыққа, сол сияқты, емтихан тапсырушы оқушылардың жауаптарына немқұрайды қарауға болмайды. Емтихан комиссиясының мүшелері ең алдымен құпия емтихан жұмыстарының күнібұрын жарияланып кетуіне жол бермеуге тиіс. Сол сияқты, орта мектепті бітіруші оқушылардың білімін асыра бағалаушылық сияқты зиянды әдеттердің орын алуына мүмкіншілік беру зор қателік болып табылады.

Өткен жылдың қорытындыларында кейбір жекелеген оқушылардың емтихан комиссиясының жекелеген мүшелерін алдау арқылы баға алу сияқты фактілер кездесті. Быйылғы жылы мұндай фактілердің орын алуына жол бермеу керек.

Оқушылардың уақытты дұрыс пайдаланып, емтиханға жақсы дайындалуы емтиханның ойдағыдай аяқталуына едәуір дәрежеде игі әсерін тигізеді. Бұл жағдайда, әсіресе, туысқандар көмегі ерекше болуға тиіс. Мектеп оқытушылары мен ата-аналар балалардың уақытты дұрыс пайдалануына, олардың тыңғылықты дем алуларына керекті барлық жағдайларды жасауға міндетті.

Емтиханды ойдағыдай өткізуде мектеп комсомол ұйымдарына зор жауапкершілік жүктеледі. Комсомолецтер оқу өндірісінің алдыңғы сапында болып, емтиханды тек қана жақсы деген бағамен аяқтауға тиіс. Олар сабақты нашар үлгеретін оқушыларға көмектесіп, олардың өтілген программаны толық меңгерулеріне жетісулері қажет. Мектеп партия ұйымының және оқытушылардың көмегіне сүйене отырып, комсомол ұйымы оқушылардың емтиханды ойдағыдай өткізу жолындағы күресін ұйымдастырушы болуға тиіс.

Әсіресе, орта мектепті быйыл бітіретін Х-класс оқушылары үшін быйылғы емтихан зор сын. Сондықтан да, мектептің комсомол ұйымдары орта мектепті бітірушілер арасындағы тәрбие жұмысын кең көлемде жүргізіп, олардың мектепті ойдағыдай бітіріп шығуларына ат салысу қажет.

Комсомол мүшелерінің әрқашан да өздері істейтін өндірісте алдыңғы сапта болуы ежелгі дәстүр. Мектепте оқушы комсомолецтер бұл игілікті дәстүрге лайықты еңбек етіп, оқу жылын ойдағыдай аяқтауға тиіс.

Туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметі коммунизмнің болашақ құрылысшыларын тәрбиелеу, оқыту ісіне ерекше көңіл бөліп отыр. Біздің елімізде жас ұрпақтарды тәрбиелеу, сол сияқты, мектепке қамқорлық жасау бүкілхалықтық іске айналды. Облыс мектептерінің оқушылары бұл қамқорлықты іспен ақтап, емтиханды ойдағыдай аяқтап шығу үшін күресулері қажет.

артуына қолайлы мүмкіндік жасады. Осының нәтижесінде совхоз коллективі мемлекетке сүт тапсырудың үстіміздегі жылғы бірінші тоқсандық жоспары асыра орындалды және ет тапсырудың жарты жылдық жоспарын орындап болды. Етке өткізілетін шошқалардың семірткілігі, салмақтарының едәуір арттырылуына байланысты 60 шошқа үнемделді.

Озат сауыншылар З. Токарева, Ф. Пятакова, Е. Орилит жолдастар бірінші тоқсанның өзінде ғана сүт сауу жөніндегі жылдық тапсырмаларының үштен бір бөлігін орындады. Бұлардан бұзау күтушілер де қалысқан жоқ. Е. Косарева, 9. Корнильсон жолдастар қарауларындағы әрбір бұзаудың тәуліктік салмақ қосуын 783—860 грамға жеткізді.

СОБП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысымен жігерленген совхоз коллективі мал санын және оның өнімділігін арттыру жолындағы күресте бұдан былай да қажырлы еңбек етіп жана табыстарға жете береді.

**Зоотехник О. ЖАНПЕИСОВ.**

## Құс фермасындағы иесіздік

Сталин атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) құс фермасында өткен жылдың жүзінде 1099 бас тауық бар еді. Колхоз басшылары оларды қысқы маусымда жылы орынмен, жақсы азықпен қамтамасыз етеді. Олар тауықтарды қыста күтiп бағуға тұрақты адамдарды жеткілікті бөлмеді. Тiптi, ферманың жағдайымен күнбе-күн танысып отыруды да колхоз басшыларының ешқайсысы қажет деп санаған жоқ. Осындай иесiздiктiң салдарынан қыста көптеген тауық шығынға ұшырады.

Қазiр фермада небары 617 тауық бар. Олардың 527-сi жұмыртқалайды. Бірақ тауықтарды күтiп бағатын, жұмыртқаларды жыйнап, есепке алып отыратын жауапты адам жоқ. Сондай-ақ олардың жұмыртқалауына арнаулы орын әзiрленбеген. Сондықтан тауықтар кез келген жерге, көбіне қой қораларының маңына, ферма iргесiндегi ағаш арасына жұмыртқалайды. Ал ол жұмыртқа сол бойы қалып қояды, немесе кiм тауып алса, оның қолында кетедi.

Егер апрель айы iшiнде 527 тауықтан бар болғаны 1020 жұмыртқа ғана алынса, бұл құс фермасынан алынатын табысқа колхоз басқармасының осындай жауапсыз қарауының салдары деуiмiз керек.

—Құс фермасындағы иесiздiк қашая жойылады, —десеқ, осы ферманың меңгерушiсi С. Шестополов жолдас «иесiздiктi жоғызғырай, мына егiс жұмыстарын бiрыңғайлайық. Содан кейiн адамдар босай бастайды. Ал, оған дейiн тауықтарды байқап тұруды қой фермасының күзетшiсi Е. Косов жолдасқа тапсырдым» деп жауап бередi.

Тауық өсiруге мұндай жауапсыз қараушылық қылмысты iс. Мұны Сталин атындағы колхоздың басшыларының түсiнетiн уақыты жеттi.

**А. СУРАҒАНОВ,**

Участоктік зоотехник.

аудандық Совет атқомі председателінің орынбасары Шалғынбаев жолдаспен колхоздарда шөп шабу маусымына әзірлік жұмыстарының жайы туралы әңгімелескенде ол бізге шөп шабуға әзірлікке аудан колхоздарының кіріспегенін, бұл іске колхоз басшыларының жете көңіл аудармайтындықтарын айтты. Тіпті, ол өздерінің бұл маңызды іске көңіл бөлмейтіндіктерін де мойындады.

Шөп шабуға әзірліктің барысы әсіресе «Аралағаш» колхозында мүлдем нашар. Бұл колхозды шөп шабуға әзірлікке кіріспеді десе де жолдас. Колхоз председателі Рамазанов жолдас колхоз ұсталары мен шеберлерін шөп машиналарын, шөп жыйнағыштарын және сүйретпелерін жөндеу ісіне жұмылдырмаған. Мұнда бұл жұмысты ұйымдастыруға қажетті мүмкіншіліктің барлығы да бар. Мәселе колхоз басшыларының іске мән бермеулерінде. Осының салдарынан мұнда бірде-бір шөп машинасы мен шөп жинағыш жөнделген жоқ.

Жағдай Молотов атындағы колхозда да осындай. Өткен жылы бұл колхозда мал азығын дайындау жұмысы күзге дейін созылды. Мұның ақыры азықтың жауын-шашынға тиіп, құнарлығы кемуіне әкеліп соқты. Колхоз басқармасы шөп шабу маусымының ең қолайлы мерзімде өтуін қамтамасыз ету үшін бұл іске колхоздың барлық жағынан сақдай сай әзірлікпен кірісулерін қамтамасыз етуі керек еді. Бірақ, колхоз басқармасы, оның председателі Жұнысов жолдас барлық назарды егіс жұмыстарына ғана аударып, бұл жұмысты ұйымдастырмай-ақ келеді. Мұнда

## Пішен шабуға мұқият әзірленейік

Қоғамдық малды жемшөппен қамтамасыз ету мал санын көбейтуді ғана емес, сонымен қатар, мал шаруашылығы өнімдерін арттыра беруге толық мүмкіншілік туғызады. Сондықтан да пішен шабуға тыңғылықты әзірленіп, оған мерзімде ұйымшылдықпен кірісу абройлы міндет болып табылады.

Өткен жылға қарағанда үстіміздегі жылы Полудень МТС-нің қамтуындағы колхоздарда мал азығын дайындау жоспары едәуір артып отыр. Олар 44876 гектар алаңның шөбін шауып, оны жыйнап, сондай-ақ 37460 тонна шөпті маялауға міндетті. Бұл міндетті іске асыру үшін МТС-ке мемлекет тарапынан быйыл өзінің ішкі жүретін 8 шөп машинасы, 19 шөп сырғыш пен маялағыш және 25 шөп тырнауышы берілді. Сонымен бірге МТС-те 132 трактор шөп машинасы бар. Бұлардың жөндеу жұмыстары қыс айларында жүргізіліп, оның 79 машинасы жөнделіп шыққан болатын. Қалған машиналарды жөндеуді аяқтауға қажетті жағдайлардың барлығы да бар еді. Алай не, МТС басшылары бұл жұмысты апрель айынан бастап кезекке қойды.

Мал азығын дайындайтын машиналардың жөндеу барысы осындай нашар ұйымдастырылып отырғандығын бұл машиналарды жөндеуді басқаратын механик Зюезников жолдас МТС директоры Лосев, аға инженер Бобровицкий жолдастарға істің жайын жедел жақсарту жөнінде

мек, олардың шөп шабуға тыңғылықты әзірленуін ұйымдастыра алмай келеді.

Қазақ ССР Министрлер Советі Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың колхоздарында, совхоздарында, МТС-тері мен ММПС-терінде пішен шабу, жай және құнарлы жемшөп дайындау жұмыстарына әзірліктің жайын талқылап, арнаулы қаулы қабылдады. Бұл қаулыда көрсетілген көпшіліктер Совет ауданының колхоздары мен МТС-теріне де тән.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету міндеті бұл ауданның партия, совет ұйымдары мен колхоз, МТС-терінің басшыларынан мал азығын дайындау ісіне әзірліктегі олқылықты дереу жолдың нақтылы шараларын белгілеуді, ол шаралардың мұдтікісіз жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді талап етеді.

Өткен жылы ауданның мал азығын дайындауда артта қалуының бір себебі шабылған шөпті маялау жұмыстарының механикаландырылмауы болды. МТС-терде стандартты шөп маялағыштар елі де жеткіліксіз. МТС басшылары әрбір колхозда мал азығын дайындау ісінің комплексті механикаландырылуына жетісу үшін шөп маялағыштарды МТС-те жасауды ұйымдастырулары керек.

Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомі шөп шабуға әзірлік жұмыстарындағы орын алған кемшіліктерді дереу жоюға, сөйтіп, бұл іске жана қарқын туғызуды колхоз, МТС басшыларынан қатаң талап етуге міндетті.

**Т. КӘДІРОВ,**  
**СМИРНОВО. (Арнаулы тілшіміз.)**

бірнеше рет орынды талаптар қойды. Бірақ, оның бұл тілегі іске аспады. Осының салдарынан мұнда шөп машиналарын жөндеу жұмысы мүлдем баяу болып отыр. МТС-те 19 шөп тырнауышының небары 7-і ғана жөнделген. Ал, шөп сырғышын 4 трактор сүйретесінің бірде біреуі жөнделген жоқ. Сол сияқты МТС-те жөнделмеген өздігінен жүретін 11 шөп машинасы болатын болса, олар қолға да алынбаған.

Мұндай кемшіліктер МТС қамтуындағы колхоздарда да орын алып келеді. Колхоз басшылары күні бүгінге дейін шөптің бәрі МТС күшімен шабылады деген сыяқты пікірге түсіп, көлік машиналарын жөндеуді ұйымдастырмай-ақ келеді.

МТС қамтуындағы колхоздарда 138 көлік машинасы бар болса, мұның 26-сы ғана жөнделген. Ал, Чапаев атындағы колхозда 21 шөп машинасының бірде-біреуі жөнделмеген. Мұндай жағдай Тельман атындағы, Ворошилов атындағы, Аманкелді атындағы колхоздарда да бар.

Шөп шабу маусымының басталуына санаулы ғана күндер қалды. Сондықтан мал азығын дайындайтын барлық шөп машиналары мен жыйнағыштарының тез арада жөндеуіне жетісу колхоз, МТС басшыларының маңызды міндеті болып саналады.

**Б. ЖАҚЫПОВ,**  
**(Өз тілшіміз.)**

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШОЛУ

## МӘСЕЛЕНІ БЕЙБІТШІЛІКПЕН

### РЕТТЕУІ МЕ, ӘЛДЕ КҮШ ЖҮМСАУ

#### САЯСАТЫ МА?

Дүниежүзілік жұртшылық Женева кеңесіне әлі де баса көңіл бөлуде. Бүкіл дүние жүзінде миллиондаған адам бұл кеңес Индо-Қытайдағы кантонисті түпкілікті тоқтатады және корей халқының ұлттық бірлігін қалпына келтіруге, оның уақытша бітімнен баянды бейбітшілікке көшуіне көмектеседі деп үміттенуде. Женева кеңесіне қатысушылардың бәрі Азия халықтарының бостандық пен ұлттық тәуелсіздікке ұмтылған талабымен санасуға тілек білдірген күнде ғана, осы екі проблеманы ойдағыдай шешуге болатындығы өзінен өзі түсінікті.

Бірақ, АҚШ және кеңеске қатысушылардың басқа кей біреулері Азияның проблемаларын демократия принциптеріне сәйкес, Азия халықтарының тілегін еске ала отырып шешуге ұмтылып отыр деп айтуға болмайды. Мұны корей мәселесін талқылау ерекше айқын көрсетті, бұл мәселені талқылаған кезде оны шешу жөніндегі көзқараста едәуір алшақтық бар екендігі байқалды.

Кеңесте КХДР сыртқы істер министрі Нам Ир баяндап берген Корей Халық-Демократиялық Республикасының ұсыныстары корей мәселесін корей халқының мүдделері мен праволарына сәйкес шешу программасы болып табылады. Бұл ұсыныстар Корейнің ішкі мәселелерін, соның ішінде Корейнің ұлттық бірлігін қалпына келтіру мәселесін шешу ең алдымен корей халқының өзі ісі болып табылады деген демократиялық принципке сүйеніп жасалған. Корейде сырттан араласу болмай, барлық шетелдік әскерлерді Корейден әкеткеннен кейін жалпыға бірдей сайлау өткізуді көздейтін осы әділетті және ақылға сыйымды ұсыныстарды, әрине, Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының делегациялары қолдады. Бүкіл дүние жүзінің прогресшіл жұртшылығы бұл ұсыныстарды қанағаттанған сезіммен қарсы алды.

Кеңесте АҚШ делегациясы ұстаған басқа позиция, шынына келгенде, Корейнің ішкі істерін шешу мәселесін БҰҰ-дағы шетелдік қамқоршылардың, соның өзінде олардың тұрағындығына корей халқы сенбе алмайтын қамқоршылардың қарауына беруді көздейді. Женева кеңесінің жұмысын Біріккен Ұлттар Ұйымының корей мәселесі жөніндегі заңсыз қарарларымен байланыстыру әрекеттеріне жол беруге болмайтындығын көрсете келіп, совет делегациясының басшысы В. М. Молотов 11 майдағы мәжілісте былай деп мәлімдеді: БҰҰ іс жүзінде Корейде соғысушы жақтың дәрежесіне жетті, осының салдарынан ол «өзінің тұрағын халықаралық орган ретінде қыймыл жасау мүмкіндігінен айрылды және ендігі жерде корей мәселесін шешуде объективтік міндеттерді атқара алмайды».

Корей мәселесін талқылау мынаны айқын көрсетті: бұл мәселені демократия мен бейбітшілік орнату рухында реттеу қазір, әсіресе, американдық делегациясының

ғы, Батыс Европадағы және Американың өзіндегі жұртшылық пікірінің бұған қарсы шыққан оппозициясы бұл әрекетті сәтсіздікке ұшыратты.

Осыған қарамастан, Вашингтон бұрынғы бағытында онан әрі әрекет жасауда. Швейцарияның «Газетт де Лозанн» газеті былай деп хабарлады: 10 майда Женевадағы американдық делегациясы Вашингтоннан нұсқау алды, бұл нұсқауда «АҚШ-тың басты мақсаты, бұрынғысынша, Женева кеңесін пайдаланып, Азия хауіпсіздігінің шартын жасау бола беретіндігі», яғни Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне қарсы бағытталған агрессиялық блок құру екендігі еске салынған. Оның бер жағында баспасөз бұл мәселе жөнінде Сиганурда, Вашингтонда және Женевада келіссөздер жүргізіліп жатқанын хабарлады. Бұл келіссөздерге АҚШ-пен қатар Англияның, Францияның, Австралияның және Жаңа Зеландияның өкілдері қатысуда. Келіссөздер жүргізіліп жатқанын Эйзенхауэрдің өзі және Англияның сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік министрі Селвин Ллойд мойындады.

Тынымқұхиттық соғыс блогін құруды талап етіп, Вашингтонның билеуші топтары Азияда болған өзгерістермен санасқысы келмейтін өздерінің бойға сіңген әрекетін айқын көрсетуде. Азия халықтарының бостандық пен тәуелсіздіктің кең жолына түскенін, оларды бұл жолдан тайдыра алатын ешқандай күш жоқ екенін американдық билеуші топтарының түсінісі келмейді. Кәзіргі жағдайда отарлық державалардың Азия жөніндегі күш жұмсау саясатын жүргізе беруі оларды елеулі саяси жеңілістерге сөзсіз әкеліп соқтырады. Сондықтан Азия жөніндегі ақылға сыйымды саясаттың негізі тек Азия халықтарының тілегін еске ала отырып, Азия проблемаларын бейбітшілікпен реттеу болып табылады.

### ЕВРОПА МЕМЛЕКЕТТЕРІ АРАСЫНДА ҚАТЫНАСТАРДЫ ЖАҚСARTY YCІН

АҚШ-тың билеуші топтары жүргізіп отырған жаңа соғысқа әзірлену саясаты ағылшын халқының қалың бұқарасында барған сайын зор абыржушылық тудыруда. Мұны ұлы державалар арасындағы қатынастарда болып отырған шиеленістің басты себептерінің бірі болып табылатын Батыс Германиядағы милитаризмді қайта тудыруға қарсы Англиядағы қозғалыстың күшейгендігі айқын дәлелдейді. Мұны 9, 5 миллионнан аса адамды біріктіріп отырған ағылшын кооперативтік партиясының апрельде болып өткен жыл сайынғы конференциясы өте айқын көрсетті.

Соңғы күндері Англияның бірқатар ірі партия, кәсіподақ және қоғам ұйымдары Батыс Германияны ремилитарландыру саясатына қарсы наразылық білдіріп, халықаралық жағдайды бірқалыпқа келтіруді жақтап шықты, өйткені халықаралық жағдайды жақсартуға ең алдымен американдық агрессиялық саясаты кедергі болып отыр.

Лейбористік партияның Холборн және Оңтүстік-Сент-Панкрас округтік ұйымы басшыларының 30 апрельде жарияланған

дікте және достықта өмір сүруге, олармен экономикалық және мәдени ынтымақты өрістете беруге барынша ұмтылып отырғанын көрсетеді.

Міне сондықтан да, СОТА-ның хабарында көрсетілгеніндей, Англияның премьер-министрі Черчилльдің, консервативтік партияның «Примроз лиг» ұйымының жыл сайынғы жыйналысында жасаған мәлімдемесі Совет Одағының басшы топтарында дұрыс көзқарас тудырды, ал Черчилль бұл мәлімдемесінде Англияның Совет Одағымен қатынастарын жақсартуға және тілектестік сезімге кенелген байланыстар орнатуға шақырды. Англия мен СССР арасында қатынастарды жақсарту, ынтымақты дамыту бұл мемлекеттердің екеуіне ғана емес, сонымен бірге халықаралық бейбітшілікті сақтауға және нығайтуға мүдделі болып отырған барлық басқа елдерге де пайда келтірген болар еді, ең алдымен Европа елдеріне пайда келтірген болар еді.

### AMEPИKAH ДИПЛОМАТТАРЫНЫҢ

#### СТАМБУЛДАҒЫ ЖЫЙЫНЫ

11 майда Стамбулда Таяу және Орта Шығыстың 13 елінде тіркелген американдық дипломаттарының кеңесі ашылған. АҚШ мемлекеттік департаментінің бұл жөңестін мақсаттары туралы мәлімдемесінде оның күн тәртібі белгіленген жоқ деп көрсетілген. Алайда, шетелдік баспасөздің хабарлары АҚШ-тың агрессиялық саясатын жүргізушілердің Таяу және Орта Шығыс ауданында күтпеген жерден басқосқан осы жыйынының себептері мен мақсаттарын анықтауға толық негіз бола алады.

1954 жылдың алғашқы айларында американдық дипломатиясы Таяу және Орта Шығыс елдерін АҚШ-тың соғысқа әзірлену системасына қатыстыруға бағытталған бірқатар агрессиялық шараларды жүзеге асырды. Пәкістан—Түркия шартын жасасу және Пәкістан мен Пәкістан американдық соғыс көмегін беру туралы келісімдер жасасу—міне осындай шаралардың қатарына жатады.

Американдық соғысқұмарларының тіміскілеген әрекеттері Таяу және Орта Шығыс елдерінде, сонымен қатар Оңтүстік Азия елдерінде көптеген наразылықтар тудырды.

Осыған байланысты, американдық дипломаттарының Стамбулдағы кеңесін шақыру себептерінің бірі «бейтараптылық саясат жүргізуді жақтап, бүкіл осы ауданда қыймыл жасаушы қозғалыстар мен элементтердің» табыстарынан АҚШ-тың «абыржып отырғандығынан» болып отыр деп көрсеткен «Нью-Йорк таймс» газетінің хабары шыныдаққа әбден сай келетін хабар болып табылады.

Стамбулдағы кеңесте қабылданған қарарлар әзірше жарияланған жоқ. Бірақ түркітің «Истанбул» газеті былай деп көрсетеді: американдық дипломаттары Таяу және Орта Шығыс ауданында «неғұрлым ізкәмлі саясат» жүргізу қажет деген қорытындыға келді. Басқа сөзбен айтқанда, олардың бұл ауданда агрессиялық бағытын онан сайын күшейтетін ішкелі бар. Пәкістан—Түркия шартын ұлғайту және



АЛҒЫС АЛДЫ

Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» колхозының мүшесі М. Тарасенко жолдас 18 жылдан бері хат тасушы болып істеп келеді. Ол өзінің үлгілі еңбегімен колхозшылар құрметіне бөленген. Кәзір Тарасенко жолдас күн сайын 300 газет, журнал, көптеген хаттарды колхозшыларға деркесінде таратып, колхозшылардан бірнеше рет алғыс алды.

Е. ҚАСЫМОВ.

# СПОРТ



Жазғы спорт маусымы басталды. Қаланың спорт коллективтері спорт маусымы басталғаннан бергі бір аптаның ішінде түрлі жарыстар өткізуде. Быйылғы жылы қала спортшыларының қатары негізінен жастар есебінен едәуір толықтырылды. Жазғы маусымның алғашқы күні қаладағы 8 ерікті спорт қоғамдарының коллективтері еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советі аткомінің жүлдесін алу үшін өткізілген эстафетаға қатысты.

Эстафетаға қатысушы командалар мүшелерінің жазғы маусымға өткен жылдардағыдан әлде қайда жақсы әзірленгендіктерін көрсетті. Спортшылар көптеген дистанцияларда жүгіруден, велосипедте жүруден өткен жылғы қалалық көрсеткіштерді едәуір жақсартты. Эстафетаның қорытындысында жалпы ең жақсы көрсеткішке ие болған «Искра» ерікті спорт қоғамының командасы қалалық Совет аткомінің жүлдесін жеңіп алды.

Кәзір қаланың комсомол ұйымдары, спорт қоғамдары жастарды спорт жұмысына белсендіре қатыстыру үшін, олардың арасында ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуде. Мұның өзі жастардың спортқа деген ынта-жігерін бұрынғыдан да артыра түсті.

СУРЕТТЕ: 1. Жазғы маусымның ашылуына байланысты ту көтеру. 2. Қалалық Совет аткомінің жүлдесін эстафетада жеңіп алған команданың құрамы— (оннан солға қарай) А. Волкова, К. Кириченко, Н. Баранова, 3. Хаснуллина, Г. Дош, В. Донченко, П. Харченко, И. Бутковский және И. Коломиец жолдастар.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

### МЕКТЕП СПОРТШЫЛАРЫ

Қаладағы Калинин атындағы орта мектептің оқушылары жазғы спорт маусымын зор әзірлікпен қарсы алды. Физкультура пәнінің оқытушысы Курилов жолдасының басшылығымен 2 волейбол алаңы жабықталды. Сол сияқты, жүгіретін, себіретін орындар дайындалып оларға түрлі спорттық бөгеттер қойылды.

Кәзір мектеп физкультурашылары мектеп чемпионы деген атаққа ие болу үшін

қласаралық волейбол жарысына қатысып жүр. Бұнағы күні 9 «б» класы мен 9 «а» және 9 «в» кластары волейболшыларының кездесуі болды. Жарыста 9 «б» класының волейболшылары жеңіп шықты.

С. САУЫТОВ.

Редактордың орынбасары Г. НҰРМОЛДИН.

позициясына байланысты. Ал оның кезіргі Женева кеңесіндегі көзқарасында американдық билеуші топтарының Азия жөнінде ұстап отырған негізгі саяси бағыты: Азия халықтарының праволарымен және мүдделерімен санасқысы келмей, отарлық тәртіпті қайтыс күнде де сақтауға тырысатын бағыт айқын байқалауда.

Американ империализмінің агрессияшыл арам шеттері тіпті Женева кеңесі болып жатқан күндерде Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалысына қарсы жүресу үшін отарлық державалардың соғыс одағын қайтыс күнде де топтастыруға тырысқан. Вашингтондағы әрекеттерден ерекше айқын көрініс отыр. Даллес Женевада «күш жұмсау позициясында» келіссөздер жүргізу үшін тіпті Женева кеңесі басталғанға дейін осындай блок құруға кірісе бастады. Бірақ Азияда-

мәлімдемесінде былай делінген: «Егер біз Құрама Штаттармен бірлесіп, Европа мен Азияда бейбітшілік орнату мақсатымен ортақ саясат белгілей алмайтын болсақ, егер біз өмірлік маңызы бар мәселелер Вашингтонда біржақты шешілмей, ерлікпен шешіледі деп сенсе алмайтын болсақ, онда Англияның өзін байланыстыратын міндеттемелерден бастартуына тура келеді», бұл міндеттемелердің оны соғысқа илкітіруі ықтымал. Бұдан кейін «ағылшын территориясын американдық соғыс-теңіз және соғыс-әуе базалары үшін пайдалануға тыйым салу, өзінің тәуелсіз бейбітшілік саясатын жүргізу, Совет Одағымен және Қытаймен сауда жасасу» ұсынылған.

Бұл фактілердің бәрі ағылшын халқының басқа халықтармен, атап айтқанда, Совет Одағының халықтарымен бейбітші-

мен, деп көрсетуде таяушығыстық елдердің баспасөзі, Таяу және Орта Шығыс елдерінің соғыс тобын құруды тездету үшін шаралар қолданылады.

Таяу және Орта Шығыстың халықтары мұндай агрессиялық жоспарларға қатысқысы келмейтінін айқын білдіріп отырған жағдайда осындай жоспарларды жасау әрекеті АҚШ саясатының орындауға болмайтын, болашағы жоқ саясат екендігін көрсетеді. Таяу және Орта Шығыс елдеріне АҚШ тәкпалап отырған келісімдер мен шарттарды халықтар қолдамай отыр және қолдай алмайды, өйткені бұл келісімдер мен шарттар осы халықтардың хауіпсіздігі мен ұлттық тәуелсіздігіне төнетін қатер болып табылады. Ал халық қолдамайтын мұндай келісімдердің құндылығы өте күмәнді.

Ю. БОЧКАРЕВ.

### Ағылшын-американ қатынастары туралы американ баспасөзінің пікірі

НЬЮ-ЙОРК, 18 май. (СОТА). «Нью-Йорк геральд Трибун» газетінің тілшісі Ньюман Лондоннан берген хабарында, «Индонезиядағы жағдайды реттеу жайында Женевада жүргізіліп жатқан келіссөздер» жөнінде Черчилльдің қауымдар палатасында жасаған мәлімдемесін түсіндіре келіп, былай деп жазған:

Женевадағы ағылшын тілшілерінің хабарына, сыртқы істер министрі Иден Құрама Штаттар мен Францияның екі жақты келіссөздері жөнінде олардың өзіне хабар бермегеніне өте наразы көрінеді. Хабарларға қарағанда, ол бұл келіссөздердің жүргізіліп жатқанын Вашингтон-

нан алынған баспасөз хабарларынан естіп білген... Қолда бар мәліметтер бойынша, бұл келіссөздер кезінде Индо-Қытайдағы жанжалға Американың қарулы күшінен араласуы туралы мәселе талқыланды.

«Нью-Йорк таймс» газетінің тілшісі Миддлтон Лондоннан берген хабарына былай деп жазған: «Черчилльдің сақтықпен жасаған мәлімдемесі мынаны көрсетеді: кабинеттің Индо-Қытай жөнінде жүргізбек болып отырған бірден бір саясаты — ол келіссөздер нәтижесінде бейбітшілік орнату».

### Батыс Германия—Индонезиядағы отарлық соғыс үшін зеңбірек жемтігін беруші

ЛОНДОН, 18 май. (СОТА). «Манчестер гардиан» газеті өзінің Лондондағы тілшісінің мақаласын басқан, бұл мақала Батыс Германияның кезіргі уақытта Индо-Қытайдағы американдық француз авиаторасы үшін негізгі зеңбірек жемтігін беруші болып отырғанын көрсетеді. Тілшінің Батыс Германиядағы топтардан алған мәліметтері Индо-Қытайдағы шетелдік француз легионындағы солдаттардың 80 проценті — Батыс Германияда

жыйналған адамдар екенін көрсетеді. Индо-Қытайда 25 мыңға жуық немістер өлген, соның өзінде өткен жылы ғана 7 мың немістер өлген (соңғы екі айдың ішінде Дьен-Бьен-Фуа және Кызыл өзеннің жағасында өлген немістер бұл мәліметтерге кіргізілмеген).

Батыс Германияның территориясында шетелдік француз легионына адамдар тарту жұмысы Бонн өкімет орындарының көз алдында жүргізілуде.

### АМЕРИКАН КАПИТАЛЫНЫҢ БРИТАНИЯ ИМПЕРИЯСЫНДАҒЫ ЕЛДЕРГЕ ӨТУІ ТУРАЛЫ АҒЫЛШЫН ГАЗЕТІНІҢ ХАБАРЫ

ЛОНДОН, 18 май. (СОТА). «Дейли экспресс» американдық капиталының Британия империясындағы елдерге өтуі туралы хауіптенген хабар таратуда. Редакциялық мақалада газет былай деп жазған: «Бүкіл жер шарында американдық кәсіп иелері, Британия империясының байлықтарын қолға түсіруге тырысуда. Ямайкада американдық кәсіпкерлері барлық күшін сала

алюминий өндіруде. Австралияда американдық концерн мұнай көздерін іздестіруде. Британиялық Гвианада минералдық байлықты өндіруге миллиондаған доллар жұмсалуда. Родезияда мыс өндіруге көптеген доллар қаржы бөлінуде. Ал, кезіргі уақытта доллар төлететін жаңа миссия Родезия мен Ньясалендке келуге тиіс болып отыр».

### Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі

ЖЕНЕВА, 18 май. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Бүгін 9 делегацияның жабық мәжілісінде Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе онан әрі қаралды.

Келесі жабық мәжіліс 19 майда болады.

### Голландия-Индонезия одағын жою талаптары

ДЖАКАРТА, 18 май. (СОТА). Джакарта радиосының хабар еткеніндей, Индонезия ұлттық партиясының мәжілісінде, егер Голландия үкіметінің белгілі шарттар негізінде ғана келіссөздер жүргізетін шарті бар екені анықталған күнде, Голландия-Индонезия одағын бұзуға үкіметті шақыруға ұйғарылған.

Бұрынғы жауынгерлердің Бүкіл индонезиялық одағы да үкіметті Голландиямен жасалған одақты бұзуға шақырған. Осы одақтың мәлімдемесінде Батыс Пранды (Жаңа Гвинея аралының батыс бөлігі) Индонезиямен қайта қосу үшін таяудағы уақытта батыс шаралар қолдану қажеттігіне назар аударылған.

### Бирма бейбітшілікті жақтаушыларының талаптары

ПЕКИН, 19 май. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлады: Рангуннан алынған хабарға қарағанда, 10 майда Мандалай аудандық комитетінің Кең сессиясында (бұл комитет бейбітшілікті қорғаудың Бирма комитетіне кіреді) қарарлар қабылданып, бұл қарарларда атом және сутегі бомбаларына тыйым салу бес ұлы держава арасында Бейбітшілік Шартын жасасу талаптары қойылған.

### 1948 жылғы мемлекеттік 2 проценттік ұтыс заемының 13-ші ұтыс тиражының ҰТЫС ТАБЛИЦАСЫ

Тираж 1954 жылғы 9 майда Пенза қаласында өткізілді. Заемның барлық разрядындағы сериялар мен облигациялардың номерлеріне ұтыс шықты:

Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен
000324	1-50	1.000	014810	1-50	400	027911	33*)	5.000	033693	1-50	400
000461	1-50	400	015155	1-50	400	027979	41*)	5.000	040216	08*)	5.000
000994	1-50	400	015542	1-50	400	028025	1-50	400	040347	05*)	5.000
001078	1-50	400	015679	16*)	5.000	028141	1-50	400	040443	1-50	400
001399	1-50	400	015818	1-50	400	028316	32*)	10.000	040539	1-50	1.000
001521	1-50	400	015826	25*)	10.000	028378	37*)	5.000	040543	45*)	10.000
001561	1-50	400	015945	1-50	400	028388	1-50	400	040807	31*)	10.000
001720	16*)	5.000	016005	02*)	10.000	029151	1-50	400	040846	1-50	400
002165	1-50	400	016086	1-50	400	029270	1-50	400	040904	1-50	400
002218	40*)	5.000	016384	1-50	400	030088	1-50	400	041186	1-50	400
003166	1-50	400	016425	49*)	5.000	030342	34*)	5.000	041191	1-50	400
003549	27*)	25.000	016450	1-50	400	030357	1-50	400	041570	1-50	400
003695	1-50	400	017018	1-50	400	030386	02*)	10.000	041754	1-50	400
004065	1-50	400	017564	13*)	5.000	030462	1-50	400	042637	1-50	400
004171	1-50	400	017766	1-50	400	030596	06*)	10.000	042673	1-50	400
004178	39*)	10.000	017830	1-50	400	030771	1-50	1.000	043091	40*)	10.000
004326	1-50	400	018234	1-50	400	030797	29*)	5.000	043217	18*)	5.000
004659	1-50	400	018595	1-50	1.000	031235	08*)	5.000	043313	31*)	5.000
004718	1-50	400	018631	23*)	10.000	032314	1-50	400	043452	1-50	400
004880	1-50	400	018720	45*)	5.000	032644	1-50	400	043606	1-50	400
005219	1-50	400	018883	1-50	400	033098	09*)	5.000	043814	1-50	400
005236	1-50	400	018974	1-50	400	033185	1-50	400	043890	45*)	5.000
005256	44*)	25.000	019044	21*)	5.000	033506	47*)	5.000	044143	43*)	5.000
005282	1-50	400	019166	1-50	400	033754	1-50	400	044184	11*)	5.000
005341	33*)	5.000	019487	15*)	10.000	033867	1-50	400	044291	05*)	5.000
005707	17*)	25.000	019609	1-50	400	033999	1-50	400	044782	1-50	400
005778	1-50	400	019895	1-50	400	034089	45*)	5.000	045020	1-50	400
006372	07*)	25.000	019994	1-50	400	034185	1-50	400	045077	1-50	400
006467	37*)	25.000	020125	1-50	400	034240	07*)	5.000	045213	39*)	5.000
006536	1-50	400	020294	19*)	10.000	034258	31*)	10.000	045335	35*)	5.000
006780	1-50	400	020604	1-50	400	034272	1-50	400	045350	25*)	10.000
007039	16*)	10.000	020753	1-50	400	034277	1-50	400	045400	35*)	5.000
007262	39*)	50.000	020867	1-50	400	034467	34*)	10.000	045481	1-50	400
007695	24*)	5.000	021008	1-50	400	034474	1-50	400	045538	22*)	10.000
007906	1-50	400	021213	12*)	25.000	035040	1-50	400	045697	1-50	400
008191	50*)	5.000	021554	1-50	400	035084	1-50	400	046142	1-50	400
009214	1-50	400	021601	1-50	400	035289	1-50	400	046473	1-50	400
009251	1-50	400	021958	01*)	25.000	035425	1-50	400	046489	1-50	400
010084	42*)	5.000	021987	1-50	400	035548	1-50	400	046493	01*)	5.000
010100	1-50	400	022115	1-50	400	035613	49*)	10.000	046557	1-50	400
010355	09*)	5.000	022155	1-50	400	035640	44*)	5.000	046677	1-50	400
010371	1-50	1.000	022261	1-50	400	035661	1-50	400	046896	1-50	400
010805	1-50	400	022413	1-50	400	035687	1-50	1.000	047053	1-50	400
011290	44*)	5.000	022582	1-50	400	035757	1-50	400	047065	1-50	400
011365	1-50	1.000	023027	1-50	400	035980	1-50	400	047100	1-50	400
011473	1-50	400	023121	1-50	1.000	036370	1-50	400	047360	37*)	10.000
011524	1-50	400	023692	1-50	400	036544	1-50	400	047436	1-50	1.000
011867	1-50	400	023950	05*)	5.000	036881	1-50	400	047752	29*)	25.000
011877	19*)	5.000	023963	18*)	5.000	037054	26*)	10.000	047915	46*)	5.000
012083	1-50	400	024613	31*)	5.000	037189	1-50	400	047937	1-50	400
012357	37*)	50.000	024647	1-50	400	037289	1-50	400	048045	11*)	5.000
012453	1-50	400	025394	1-50	400	037416	1-50	400	048058	1-50	400
012475	1-50	400	025738	39*)	5.000	037439	1-50	1.000	048081	1-50	400
012498	1-50	400	026028	1-50	400	037509	1-50	400	048173	36*)	5.000
012547	48*)	10.000	026108	1-50	400	037933	1-50	400	048401	1-50	400
012722	1-50	400	026141	1-50	400	037968	1-50	400	048692	1-50	400
012789	1-50	400	026289	1-50	400	037991	1-50	400	048883	1-50	400
013471	1-50	400	026530	1-50	400	038133	32*)	5.000	049427	1-50	400
014270	23*)	10.000	026561	32*)	10.000	038223	1-50	400	049515	1-50	400
014434	07*)	5.000	026629	1-50	400	038469	34*)	10.000	049731	45*)	25.000
014437	1-50	400	026886	32*)	5.000	039425	1-50	400	049803	38*)	10.000
014508	1-50	400	026951	14*)	5.000	039589	1-50	400	049894	01*)	25.000
014780	1-50	400	027523	17*)	5.000	039608	20*)	5.000			

\*) Осы сериядағы облигациялардың қалған 49 номеріне 400 сомнан ұтыс шықты.

## Киноларда

### «УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

#### «ТАЙГАДАҒЫ УАҚЫҒА»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

### «ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

#### «ҚОЗЫ-КӨРПЕШ ЖӘНЕ БАЯН-СҮЛҮ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Циркте бүгін және күн сайын Нина Капитанованың басқаруындағы үйретілген жолбарыстардың және Эльвира Эльвортидың басқаруындағы аюлардың қатысуымен 3 бөлімді үлкен цирктік программа бойынша цирк ойындары көрсетіледі.

Ойын кешкі сағат 8 сағат 30 минутта басталады.

Жексенбі күні ойын күндізгі сағат 1-де және кешкі 5-те басталады.

Қалалық сауда мекемесінің ұсақ бөлшек сауда мекемесінің дөңгелек мөрі жоғалды. Бұдан былай осы мөр басылып расталған документтер анық деп есептелмесін.